4. Низкие транзакционные издержки – издержки, которые несут покупатели и продавцы недвижимости по заключению. Необходимость привлечения профессиональных консультантов, достаточно высокие комиссионные и существенные налоги и сборы в сумме составляют достаточно высокий процент по отношению к сумме сделки. Величина издержек при проведении сделок с жилой недвижимостью в настоящее время в странах с развитым рынком недвижимости составляет около 5-6% от цены объекта.

Таким образом, из краткого рассмотрения характеристик рынка недвижимости можно сделать вывод об их существенном несоответствии критериям совершенного рынка. В силу объективных обстоятельств, посредством только ценового механизма нельзя решить задачу оптимального распределения недвижимости, как ресурса общества. Цены на рынке недвижимости более стабильны

и практически не реагируют на краткосрочные изменения рыночной конъюнктуры [2].

Подъем экономики Казахстана, а также стремление большей части населения к улучшению своих жилищных условий обусловили актуальность жилищного строительства в республике. За последние годы структура вводимых в эксплуатацию жилых домов изменилась по формам собственности и источникам финансирования. Государство перестало быть основным участником в жилищном строительстве, и теперь основную роль стали играть частные и индивидуальные застройщики [3].

Образовались коммерческие структуры, действующие на рынке недвижимости. Разворачивается деятельность отечественных и зарубежных инвесторов, для которых большое значение имеет приобретение гарантированных прав пользования землей и правовая защита их интересов. Изменилось налоговое законодательство, и появились новые для большинства граждан Казахстана налоги: налог на имущество физических лиц и налог на имущество, переходящее в порядке наследования и дарения. Начало развиваться местное законодательство по регулированию сферы недвижимости.

А ведь известно, что рынок недвижимости, как сектор рыночной экономики, имеет большое значение, что подтверждается:

- колоссальной стоимостью национального богатства, материализованного в недвижимости, из которого по крайней мере половина может быть вовлечена в рыночный оборот и приносить ренту – владельцам, доход – предпринимателям, налоговые и другие платежи – в федеральный, региональные бюджеты, бюджеты муниципальных образований;
- достигнутой уже сегодня высокой долей рынка недвижимости в валовом национальном продукте;
- достигнутым в ряде регионов и городов высоким уровнем доходов бюджета от первичной продажи, сдачи в аренду государственной и муниципальной недвижимости (в т. ч. земли);
- высоким уровнем сборов в бюджет от налогов на недвижимость и сделок с ней;
- большим количеством рабочих мест, созданных в ходе становления и развития рынка недвижимости.

Анализируя рынок недвижимости, можно заметить, что в свою очередь рынок недвижимости имеет ряд специфических особенностей:

- локализация рынка, поскольку его товары неподвижны, а ценность их в значительной мере зависит от внешней окружающей среды;
- значительно меньшее число сделок купли-продажи;
- владение недвижимостью и сделки с ней обычно предполагают четыре вида затрат: единовременные сравнительно крупные инвестиции; на поддержание объекта в функциональном состоянии (ремонт, эксплуатационные расходы); налог на недвижимое имущество; государственная пошлина и другие сборы на сделки;
- сравнительно высокая степень государственного регулирования рынка законодательными нормами и зонированием территорий (регулируется земельным и гражданским законодательством с учетом водного, лесного, природоохранного и иного специального права);
- рынок недвижимости несовершенен [4].

Остановимся подробнее на последней особенности рынка недвижимости. Совершенный конкурентный рынок предполагает, что:

- покупатели и продавцы должны иметь точную информацию о ценах;
- продукт на рынке должен быть однородным;
- на рынке должна существовать совершенная мобильность, т. е. покупатели и продавцы должны иметь возможность и быть готовы к перемещению для совершения покупки точно так же, как и товары должны быть перемещаемы;
- продавцов и покупателей на рынке должно быть так много, что ни один из них не мог бы влиять на рыночную цену;
- спрос и предложение эластичны по цене;
- издержки сделок низки по сравнению со стоимостью товара.

Таким образом, рынок недвижимости является существенной составляющей в любой нацио-

нальной экономике, поскольку недвижимость – важнейшая составная часть национального богатства, на долю которого приходится более 50% мирового богатства.

В свою очередь, рынок недвижимости тесно связан с другими рынками. Без рынка недвижимости не может быть рынка вообще, т. к. рынок труда, рынок капитала, рынок товаров и услуг и т.д. для своего существования должны иметь или арендовать соответствующие помещения, необходимые для их деятельности. Тогда как, рынок недвижимости не может существовать, например, без рынка капитала, т. к. недвижимость не на что было бы строить, приобретать или арендовать и т.д. [5].

Кроме того, недвижимость – это выгодное вложение капитала (инвестиций), т. к. средства, вложенные в недвижимость, защищены от инфляции. Особенностью рынка недвижимости является и то, что объекты недвижимости довольно трудно поддаются стоимостной оценке. Степень сложности возрастает по мере перехода от объектов жилой к объектам производственной недвижимости. Последние могут также существенно различаться в зависимости от величины предприятия, уровня концентрации производства, отраслевой принадлежности. Рынок недвижимости относится к числу наиболее быстро развивающихся структур, что говорит о своеобразии этого рынка, значении и роли отдельных его сегментов (производственная недвижимость, жилая недвижимость).

В заключении хотелось отметить, что важное значение Казахстанского рынка недвижимости как сектора экономики подтверждается его высокой долей в валовом национальном продукте, высоким уровнем доходов, поступающих в бюджет от первичной продажи, сдачи в аренду государственной и коммунальной недвижимости (в т. ч. земли), поступлением сборов в бюджет налогов от недвижимости и сделок с ней.

Литература

1. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2020 года.
2. Бенке И.Ю. Теоретические основы оценки недвижимости: Учеб. пособие. – Алматы, 2003.
3. Фридман Дж., Ордуэй Н. Анализ и оценка приносящей доход недвижимости / Пер. с англ. – М., 2015.
4. Пашкус Ю.В. Экономика и финансы недвижимости. – СПб: СПбГУ, 2014.
5. Журавлев Н.В. Экономическая сущность недвижимости в рыночной экономике // Социально-экономические явления и процессы. – 2015. – №1.

Түйін

Жылжымайтын мүлік нарығы – экономиканың маңызды элементі және мемлекеттің ұлттық байлығының бір бөлігі. Оның рөлі қоғамның тұрғын үй және тұрғын емес үй-жайлардағы қажеттіліктерін қанағаттандырудың маңыздылығы, елдің ІЖӨ секторындағы үлесі, мультипликативтік әсері салаларға тиісті болуы мүмкін.

Summary

The real estate market is a key element of the economy and a part of the national wealth of a state. Its role is determined by the importance of meeting the needs of the society in the residential and non-residential premises, the share of the sector in the GDP, the multiplier effect on related industries, etc.



ӘОЖ: 334.012:62/.64;311:216; 657

М.А. Алтынбеков, PhD, аға оқытушы

М.Н. Жабытай, магистрант

ҚазЭҚХСУ

КӘСІПОРЫННЫҢ ІШКІ АУДИТІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПКЕ СӘЙКЕС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазіргі кезде дүние жүзінде экономикалық интеграция қалыптаса бастаған кезде халықаралық шеру бірлестігі құрылуына байланысты, нарықты қатынас заңдылықтарының барлық елдерде тұрақтылана

бастауына байланысты, экономика мәліметін жүйелендіру, бухгалтерлік есеп жүргізу, аудит қызметі де дүние жүзілік даму талабына сәйкес өзгеріске кездесетіні сөзсіз. Себебі, дүниежүзілік шаруашылық, кәсіпкерлік өзара тығыз байланыста дамитын болғаннан кейін олардың арасындағы есеп аудит жұмысы да барлық елде бірдей жүргізілуі объективті жағдай.

Негізгі ұғымдар: аудит, пайда, әкімшілік құқығы, ішкі аудит, жалпы стандарттар.

Аудит – бұл біздің еліміздегі акционерлік қоғамдардың, серіктестіктердің және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін экономикалық талдаудың және қаржылық бақылаудың салыстырмалы түрдегі жаңа бағыты. Бұрын бақылау мен тексеру қызметі жүзеге асырылмаған деп айтуға болмайды. Алайда операциялық мазмұны жағынан бір-біріне жақын болса да, ревизия мен аудит екеуі бір ұғымды білдірмейді.

Аудит – бақылаудың шығармашылық дамуы. Ол экономикалық бақылаудың формалары мен түрлерін кемітпей, керісінше толықтырады [1].

Аудиторлық іс экономикалық талдау, кешенді құжаттық тесеру, балансты немесе сот-бухгалтерлік сараптаманы есеппен тексеру туралы біздің ұғымымыздан бөлек болса да, аудитор өзінің міндетін жүзеге асыру барысында аталғандардың және есептік, бақылаушы талдаманы тәжірибе салаларының рәсімдерін пайдаланады. Белгілі ғалым Х.В.Соколовтың айтуынша, тексерудің мақсаты-кемшіліктерді құрту және жамандықты жою, ал аудиттің мақсаты-кемшіліктерді кеміту және жамандықты шектеу.

Әкімшілік құқығы бар және сатылас байланысты ұстанатын тексерушіні клиент өз қалауымен таңдайды және олардың арасындағы қарым-қатынас деңгейлес байланысқа жол ашатын азаматтық құқықпен реттеледі.

Тексеру мен бақылау түсініктеріне қарағанда, аудит ұғымының аясы кең, өйткені бұл ұғым қаржылық көрсеткіштердің шындыққа жанасымдығын тесеруді ғана білдірмей, ғылыми негізде шығындарды ұтымды ету мен табысты оңтайландыру үшін шаруашылық қызметті жақсарту бойынша ұсынстарды әзірлеу ісін де қамтиды. Аудитке келісімшарт негізінде жүзеге асырылатын, оның ішінде, бухгалтерлік есеп, ішкі бақылау және қаржылық есептілікті жасау жағдайын тексеретін, кеңес беретін бизнес сараптамасының өзінше бір түрі ретінде анықтама беруге болады.

Экономиканың қазіргі қалпында экономикалық субъектілерді басқару жүйесін жетілдіру қажеттілігі артып келеді. Ұйымның ішкі бақылау жүйесін арттыруға бағытталған шаралар әзірленеді. Компанияның осы мәселелерін шешу үшін әдетте аудиторлық қызметтер көрсететін, бухгалтерлік есеп, аудит, салық салу, қаржылар және құқықтар саласында кеңес беретін аудиторлық ұйымдарға жүгінеді. Есептілікті сыртқы және, әсіресе, ішкі пайдаланушылар үшін салық декларациясын жасау және толтыру дұрыстығы туралы аудитордың пікірі, салық міндеттемелерінің өзгеруі ұйымның қаржылық тепе-теңдігін сақтау қабілеттілігіне әсерін бағалау маңызды болып табылады.

Жалпылама жоғарғы атқарушы басшылық көп жағдайда ішкі аудитті бақылау жүйесін құру бойынша басқарушы мәселелерді шешетін ресурс ретінде қарастыруға әуес [1].

Ішкі аудиттің нақты мақсаттары ретінде мыналарды ерекшелеуге болады:

- есеп қатерлерінің барлық категорияларын азайту (есептілікті қайта есептеу қатерін және алаяқтық қатерін қоса алғанда);

- тікелей орындаушылар және компания басшылары үшін түсінікті, тиімді және ашық салық міндеттемелер және есептеулер жүйесін құру;

- есептілік кезінде қателіктерді болдырмау және жою;

- есептіліктің барлық нысандарының уақытылы дайындалуы, нақтылығы және толықтығы.

Ішкі аудит процедуралары жүйелілік қағидаттары негізінде құрылуы керек, яғни барлық ағымдағы салық міндеттемелері мен есептеулерін қамтып, компанияның ішкі тәртібімен белгіленген, сәйкес салық бойынша есепті кезеңде бір реттен кем емес жүйелілікпен жүргізілуі керек. Салық есебі мен салық есептілігінің ішкі аудит процедураларын жүргізу нәтижелері компания басшылығына танысуға ұсынылған жазбаша есеп түрінде көрсетіле алады.

Ұйымдардың қызмет ету ерекшеліктерінің бірқатары, мысалы экономикалық субъектінің құрылымдығының жоғары дәрежесі, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне нақты құқықтар мен

міндеттер тізімін бекіту қажеттілігін негіздейді. Сондықтан жеке жұмыскерлердің, және ішкі аудит қызметінің құқықтары мен міндеттері келесі шаруашылық ішілік реттеу құжаттарында көрсетілуі керек:

- Ішкі аудит бөлімі туралы ереже;
- Ішкі аудит стандарттары;
- Ішкі аудиторлардың лауазымдық нұсқаулықтары.

Ішкі аудит аясында бақылау процедураларын жүзеге асыру бойынша қызметті анықтайтын «Ішкі аудит бөлімі туралы ереже» фирма ішілік реттеу элементі ретінде ішкі аудит бөлімі ішіндегі және экономикалық субъектінің қаржылық-шаруашылық қызметінің басқа қатысушыларына қатысты негізгі қатынастарды сипаттайтын негізгі құжат болып табылады [2].

Ішкі аудит стандарттарын әзірлемей, ішкі аудиторлық тексерістердің тиісті сапасын қамтамасыз ету мүмкін емес.

Мемлекеттік аппараты дамыған елдерде аудит мәселелеріне, сонымен қатар ішкі аудит мәселелеріне, көп көңіл бөлінеді. Мысалы, ондаған елдер, оның ішінде АҚШ, Англия және Жапония кіретін Жоғарғы бақылау институттарының халықаралық ұйымы (The International Organization of Supreme Audit Institutions, INTOSAI) туралы айтқан жеткілікті. Ішкі аудиторлар институты да халықаралық (The Institution of Internal Auditors, ИА) болып табылады. Бұл бағытта үкіметтік ұйымдардың арнайы бөлімшелері де жұмыс істейді. Мысалы, АҚШ-та – General Accounting Office. Әрбір аталған, басқа ұқсас шетел ұйымдарында аудиттің сәйкес стандарттарын әзірлеуге жауапты бөлімше бар.

Ішкі аудит стандарттарын бірнеше халықаралық және басқа қайнарларға негізделіп сипаттаймыз. Әдетте бұл стандарттар 3, ал кейде 4 топқа топтастырылған. Осы стандарттарды үш топқа топтастырылып қарастырайық.

1. Жалпы стандарттар (General Standards).

Бұл топ келесі ережелерді қамтиды:

- Ақылға қонымдыкепілдік (Reasonable Assurance). Бұған тексеру мақсаттарына ақылға қонымды жету (яғни артықшылықсыз) жатады. Басқаша айтқанда, тексеру құны алынған әсерден аспауы керек. Бұл ережені орындау кезінде тексерілетін ұйымның операцияларына тән қатерлер, қатер деңгейін анықтауға арналған критерийлер, әр түрлі жағдайлар үшін қатерлердің жарамды мөлшерлеріне назар аударылады.

- Тексерілетін ұйымның қатысы (Supportive Attitude). Ішкі аудит әкімшілікпен ынтагерленеді. Ұйым әкімшілігі мен жұмыскерлері ішкі тексеріске оң қатынас көрсету керек, сонымен қатар қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету арқылы оның тиімділігін жоғарылатуы керек.

- Қызметкерлер құзыреті (Competent Personal). Бұл стандарт талаптары бойынша ішкі аудит қызметінің басшылығының және оның жұмыскерлерінің өз міндеттерін тиімді орындау үшін жеткілікті жоғарғы жеке қасиеттері, қажетті кәсіби дайындығы болып, ішкі бақылау жүйесін білу қажет. Аудитордың аламықсыздығы маңызды болып табылады. Өз кезегінде компания басшылығы ішкі аудиттің ұйым үшін өте маңызды екендігін түсінугі керек. Белгіленген міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін құзырет деңгейін қолдау үшін аудит қызметінің жұмыскерлерінің білімдері мен тәжірибесін тексеру, оның біліктілігін жүйелі тексеру қарастырылады. Сонымен қатар ішкі аудит тиімділігін қолдау мақсатында нәтижелерді талқылап отыру қажет.

- Тексеру нысандары және мақсаттары (Control Objectives). Ішкі бақылау нысандары ұйымның әрбір қызметі үшін анықталуы керек. Олар логикалық, практикалық негізделген және ақылға қонымды шектерде толық болу керек. Бұл стандарт тексеріс нысандарының осы компания операцияларына байланысты талап етеді. Барлық операциялар блоктарға (циклдерге) топтастырылған болу керек. Блоктар ұйымның барлық қызмет түрлерін қамтып, компания құрылымымен және оның бөлімшелерінің функцияларымен үйлесімді болу керек [3].

Блоктар түрлі тәсілдермен жіктеледі. Мысалы, келесі блоктарды бөліп қарастыруға болады:

Компания басшылығы. Бұл блок компания саясатын әзірлеуді, сонымен қатар оның қызметін жоспарлауды, оның қызметін ұйымдастыруды, ақпаратты жинау және өңдеуді қамтиды, оларға сонымен қатар ішкі аудит функциялары да жатады.

Қаржылық блок қаражат ағымдарына (табыстар мен шығыстар), сәйкес активтер мен қар-

жылық ақпаратқа қатысты бақылаудың дәстүрлі салаларын қамтиды.

Операциялық (бағдарламалық) блоктар – бұл компанияның негізгі тағайындалымының орындалуын қамтамасыз ететін қызмет түрлері.

Әкімшілік (Ішкі қызметті басқару). Бұл блокқа компанияның екінші дәрежелі қызмет түрлері кіреді. Олар ұйымның негізгі функцияларын қолдауды қамтамасыз етеді: кітапханалық қызмет көрсету, пошталық қызметтер, жарияланымдар және т.б.

Қарастырылған стандартты орындау үшін әрбір блок аясында көп жағдайда ұйым жоспарларымен анықталатын бақылау мақсаттарын анықтау қажет. Бұл мақсаттарға кіреді:

- ұйымның негізгі борышына сәйкес келетін нақты, экономикалық және тиімді операциялардың өткізілуіне болысу;

- қорлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету (ұрлануды, шығындалуды, алаяқтықты және басқа бұзушылықтарды болдырмау);

- заңдарды, басшылықтың нұсқаулықтары мен директиваларын сақтау;

- ұйымның қызметінің жағдайы туралы сенімді ақпарат алу және осы мәліметтерді жүйелі есептілікте көрсету;

- тексеру әдістері (Control Techniques). Ішкі бақылау әдістері қойылған мақсаттарға жету үшін тиімді және өнімді болу керек.

Бақылау әдістеріне қойылған мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін түрлі процедуралар жатады. Стандарт талабы бойынша бұл әдістер тексерудің жоғары сенімділігін қамтамасыз етуі керек. Оларға аудитті ұйымдастыру жоспарлары (міндеттерді шектеуді қоса алғанда) және бақылау қауіпсіздігінің шаралары кіреді.

2. Арнайы стандарттар (Specific Standards).

Оларға жатады:

- Құжаттама (Documentation). Ішкі бақылаудың бар жүйелері және барлық мәмілелер, операциялар мен басқа маңызды оқиғалар құжаттарда нақты көрсетілуі керек. Құжаттама басқару кезінде қолжетімді және түсінуге жеңіл болу керек. Стандарт: а) компанияның ішкі бақылау мақсаттары, оның әдістері мен қолданылатын есеп жүйелері, б) сделкалардың барлық маңызды аспектілерін және компанияның басқа маңызды оқиғаларын жазбаша тіркеуді қажет етеді. Ішкі бақылау жүйелерінің құжаттамасына компания блоктарының және сәйкес нысандарының сипаттамалары, басшылық директивалары, әкімшілік саясат және бухгалтерлік есептің фирма ішілік стандарттары кіру керек. Мәмілелер және маңызды оқиғалар бойынша құжаттама нақты және толық, мәмілелер мен оқиғаларды қадағалауға қабілетті болу керек, және ақпарат қайнарларын көрсетуі керек. Осы стандартты орындау ішкі бақылау әдістерін, операцияларды, оқиғаларды құжаттау толық және операцияларды бақылау кезінде компания басшылығына және аудиторларға пайдалы болуын талап етеді.

- Мәмілелер мен оқиғаларды тіркеу (Recording of Transactions and Events). Мәмілелер мен басқа маңызды оқиғалар тиісті түрде тіркеліп, сәйкесінше жіктелген болу керек. Бұл стандарт а) барлық үдеріске, операцияны немесе оқиғаның өміршеңдік кезеңіне қолданылады және мәмілені бастау және оны шешуді қамтиды; б) жүргізіліп жатқан операцияның барлық аспектілеріне; в) жалпылағыш тіркелімдерде оның жіктеліміне қолданылады.

- Мәмілелер мен операцияларды орындау (Execution of Transactions and events). Мәмілелер мен басқа маңызды операциялар қуатталған (шешілген) болу керек және өз құзыреті аясында әрекет ететін қызметкерлермен ғана орындалуы керек. Бұл стандарт атап өтілген мақсаттар мен шарттарда қорларды айырбастау, тасымалдау және қолдану туралы компания басшылығының шешімдерімен байланысты. Бұл нақты мәмілелердің ғана орындалуының кепілін білдіреді. Мәмілелерді қуаттау менеджерлерге және басқа қызметкерлерге нақты тапсырылуы керек және орындалудың арнайы шарттары мен мерзімдерін қарастыруы керек.

- Міндеттерді бөлу (Separation of Duties). Қуаттау, мәмілелерді өткізу, мәмілелерді тіркеу кезіндегі басты міндеттер мен жауапкершілік және оларды ағымды бақылау қызметкерлер арасында бөлінуі керек. Қателіктер немесе шығындар қатерін азайту үшін, немесе оларды анықтамау қатерін азайту үшін, сделкалардың барлық негізгі аспектілерін бір тұлға қадағалауды болдырмау керек. Сонымен қатар, бақылау тиімділігіне кепілдік беру үшін негізгі функциялар мен жауапкершілікті

қызметкерлер тобына тіркеу керек. Негізгі функцияларға мәмілелерді қуаттау, мақұлдау және оларды тіркеу жатады.

- Қадағалау (Supervision). Ішкі бақылау мақсаттарына қол жеткізу үшін білікті және үздіксіз қадағалау қамтамасыз етілуі керек. Бұл стандарт талап етеді:

- қызметкерлер функциялары мен міндеттері арасында нақты байланысты, әрбір қызметкердің есептілігін;

- әрбір қызметкердің жұмысын қажетті шамада жүйелі түрде тексеру;

- жұмыс тиісті түрде жүріп жатқанына кепілдік беру үшін жұмыстың критикалық сәттерінде санкциялау.

- Қорларға қол жеткізу және оларға жауап беру (Access to and Accountability for Resources). Қорларға қатынауды және оларды есепке алуды тек уәкілетті қызметкерлер шектеген жөн. Қорларды пайдалануға жауапкершілік анықталуы керек. Қорлардың бар болуын жүйелі түрде тексеріп отыру керек (нақты қорлардың оларды тіркеумен салыстыру). Тексерулер жиілігі активтердің «осалдығына» байланысты. Қорларға қатынауды шектеу концепциясының негізі – бұл оларды рұқсатсыз пайдалану қатерін азайтуға болысу. Қорларға қатынауды шектеу қорлардың осалдығын және шығындар қатерін түсінуге байланысты, осы факторлардың екеуі де үнемі бағаланып отыру керек.

Бұл стандарт тексеру аяқталғаннан кейінгі кезеңге жатады. Ол басшылықтан талап етеді:

- аудиторлық тексеру нәтижелерін уақытылы бағалауды;

- аудиторлар ұсыныстарына қарай кемшіліктерді түзетуге мен жақсартуға бағытталған тиісті шараларды анықтауды және қолдануды.

Аудиторлық қорытындылар мен ұсынымдарға байланысты салдарлар үшін аудиторлар жауапты. Аудиторлық есеп бойынша қабылданған әрбір шешім бойынша мәлімдеме жүйелі түрде басшылыққа ұсынылып отыруы керек.

Сонымен қатар ішкі аудит қызметі ұйымның бөлімшелерімен кері байланысты қамтамасыз етеді [4].

Ішкі аудит нысандары экономикалық субъект ерекшеліктеріне және оның басшылығының талаптарына байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Ішкі аудит нысаны ретінде салық есебі мен салық есептілік нысандары алынды, оның ішінде:

- а) тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сату;

- б) кіріс;

- в) табыс, шығыс және т.б.

Біз аудиторлық процедуралардың ақпараттық базасының қайнарларының келесі жіктелімін ұсынамыз:

- сыртқы және ішкі (ұйымға қатынасына қарай);

- алғашқы және қосалқы (ақпараттық бастапқы жинақтау мақсаттарына қарай);

- тұрақты және өзгермелі (айнымалы) – ақпараттың өзгеру жиілігі мен ескіру жылдамдығына байланысты;

- қайнарларына қарай:

- нормативтік актілер (заңдар, Үкімет қаулылары, Қаржы министрлігінің бұйрықтары және т.б.) мәліметтері;

- стандарттар және ережелер (бухгалтерлік есеп жөніндегі Ережелер, аудиторлық стандарттар және т.б.) мәліметтері;

- есеп және бақылау жөніндегі мемлекеттік органдармен бекітілген әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулар;

- жалпы экономикалық ақпарат (пайыздық мөлшерлеме деңгейі және т.б.);

- техникалық және технологиялық ақпарат, басқа ақпарат.

Әдебиеттер

1. Сонин А. Зачем компании нужен внутренний аудит? – 2013. <http://www.iaa-ru.ru/>
2. Каширина М.П. Методика аудита налогового учета и отчетности налога на прибыль организаций: Автореф. ... канд. экон.наук. – Библиотека МЭСИ, 2012. – 13-20 с.

3. Бурцев В.В. Внутренний аудит: теория и практика // Современный бухучет. – 2006. – №5. – 36 с.
4. Суворова С.П., Панкратова Л.А., Ханенко М.Е. Концепция внутреннего аудита в системе управленческих задач организации. – 2012. – С. 52-63.

Резюме

В данной статье проанализирован аудит, аудиторская деятельность в Республике Казахстан. Рассмотрены пути развития аудита. Обсуждаются виды аудита. Аудит – это развитие предпринимательской деятельности. Он дополняет формы и виды экономического контроля.

В статье рассмотрены пути совершенствования налоговых обязательств внутреннего аудита предприятия.

Summary

This article aims to analyze an audit, the public accountant activity acts of the Republic of Kazakhstan. The ways of development of audit are considered. Types of audit were research. Audit is development of entrepreneurial activity.

The article discusses ways to improve the tax liabilities of the internal audit of the enterprise.



ӘОЖ 336.717.061.3

Т.М. Үсенбаев, э.ғ.к., аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ

БАНКТІК БИЗНЕСТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Банктік бизнесті қаржыландыру маңызды рөл атқарады, ең алдымен қарапайым және кеңейтілген өндіріс үшін, құрылымдық қайта құрулар, пайданы максимизациялау және осы негізде көптеген әлеуметтік проблемаларды шешу үшін маңызды болып табылады.

Негізгі ұғымдар: макроэкономика, импорт, бизнес, технология, ноу-хау, экспорт, актив.

Нарықтық экономика жағдайларында кез-келген кәсіпорын үшін өзінің шаруашылық-қаржылық қызметін қажетті қаражаттармен (қаржы ресурстарымен) қамтамасыз ету мәселесі экономиканың негізгі реттеуші күші ретінде ерекше, себебі өндіріс саласы айтарлықтай дамыған және осы сала бойынша көптеген жетістіктерге жеткен мемлекет қана, бәсекеге қабілетті және дамыған деп әлемге танылады [1].

Ал өндірістің жедел дамуына әсер ететін күш, біріншіден банктік бизнесті қаржыландыру жобалар екенін ұмытпауымыз қажет! Банктік бизнесті қаржыландыру саясаты кез келген экономикалық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде экономикалық дамудың қозғаушы күші болып табылады. Экономикалық өсімге маңызды ықпалын тигізетін ғылыми ауқымды ішкі және сыртқы нарыққа бағдарланған өнеркәсіп салаларының орны ерекше. Бұл салалардың әлеуметтік-экономикалық жағынан орны ерекше болғандықтан шығаратын өнімі бәсекеге қабілетті, экспортқа бағытталған және импорт алмастыруға мүмкіндігі бар сипатқа ие болады. Сондықтан бұл алғышарттардың жүзеге асуына банктік бизнесті қаржыландыру жобаларды қалыптастырушы және дамытушы фактор ретінде қабылдауымыз тиіс. Демек, банктік бизнесті қаржыландыру жобалардың орта және ұзақ мерзімді жүзеге асуында тиімділігін бағалау маңызды болып табылады. Банктік бизнесті қаржыландыру жобалардың тиімділігін бағалау және талдау кез келген экономиканың саласының сапалы қызметіне, тұрақты дамуына қозғаушы фактор болып табылатын қызмет болғандықтан, таңдалынып отырған тақырып төңірегіндегі өзектілігімен ерекшелінеді! Банктік бизнесті қаржыландыру макро деңгейде, сондай-ақ микродеңгейде де маңызды рөл атқарады. Негізінде олар, жалпы елдің, шаруашылықтың бөлек субъектілерінің болашағын анықтайды және экономика дамуының локомотиві болып табылады [2].

Біздің зерттеуіміздің басында терминологиялық жағынан анықтап алған жөн деп көрдік. Экономикалық әдебиеттерде инвестиция сөзіне қандай анықтама бергенін қарастырып көрейік. Мұнда бұл категорияға анықтама беруде макроэкономика деңгейінде және салалық экономика деңгейінде тұрақталған атарлықтай айырмашылық бар екенін атап өту керек. Осылайша, мамандарға және кәсіпкерлерге арналған анықтамалық оқулықта біз келесі анықтамаларды оқимыз [3].

«Инвестицияға – ақша қаражаттары, мақсатты банктік салымдар, үлестер(паи), акциялар және басқа да бағалы қағаздар, технологиялар, машиналар, жабдықтар, лицензиялар, оның ішінде тауарлық белгілерге де, несиелер, кез келген мүлік немесе мүліктік құқық, кәсіпкерлік қызметтің объектілеріне салынатын интеллектуалдық құндылықтар, сондай-ақ пайда табу және экономикалық, әлеуметтік тиімділік кезету мақсатында қызмет ететін қызмет түрлері жатады.

Тікелей банктік бизнесті қаржыландыруға мемлекеттік қолдау көрсетудің мақсаты экономиканың басымды секторларында тауар өндіруді, қызмет көрсетуді және жұмыстарды жедел дамытуды қамтамасыз ету үшін қолайлы климат құру болып табылады.

ҚР банктік бизнесті қаржыландыру тиімділігін арттыру бағыттары келесі мәселелерді шешеді:

- Жаңа технологияларды, алдыңғы қатарлы техникалар мен ноу-хауды енгізу.
- Ішкі нарықты жоғары сапалы тауарлармен және қызметтермен толтыру.
- Отандық тауар өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету және ынталандыру.
- Экспортқа бағытталған және импорт алмастырушы өндірістерді дамыту.
- ҚР шикізат базасын рационалды және кешенді пайдалану.
- Менеджменттің және маркетингтің қазіргі заманауи әдістерін енгізу.
- Жаңа жұмыс орындарын құру.
- Жергілікті кадрларды үздіксіз оқыту, олардың біліктілік деңгейін жоғарлату жүйесін енгізу.
- Өндірістің интенсивтігін қамтамасыз ету.
- Қоршаған табиғи ортаны жақсарту.

Статистикалық есепте және экономикалық талдауда нақты банктік бизнесті қаржыландыруды тағы да капитал құрушы деп те атайды. Капитал құрушы банктік бизнесті қаржыландыру келесі элементтерден тұрады [4]:

- негізгі капиталға банктік бизнесті қаржыландыру;
- күрделі жөндеуге кеткен шығындар;
- жер телімдерін және табиғи пайдалану объектілерін алуға кеткен банктік бизнесті қаржыландыру;
- материалды емес активтерге банктік бизнесті қаржыландыру (патенттер, лицензиялар, бағдарламалық өнімдер, ғылыми-ізденіс және сынама – конструкторлық әзірлемелер және т.б.);
- материалды айналым қаражаттарының запасын толтыруға банктік бизнесті қаржыландыру.

Капитал құрушы банктік бизнесті қаржыландырудың құрылымында негізгі орынды негізгі капиталға кеткен банктік бизнесті қаржыландыра алады, олардың ішіне жаңа құрылысқа, істеп тұрған өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық, көліктік, сауда және басқа да кәсіпорындарды кеңейтуге, қайта құруға және техникалық қайта жарақтандыруға кеткен шығындар, тұрғын-үй және мәдени-тұрмыстық құрылысқа кеткен шығындар кіреді.

Банктік бизнесті қаржыландыру экономикалық категория ретінде, кез келген мемлекеттің экономикасы оларсыз дұрыс дами алмайтын бір-қатар маңызды қызметтерді атқарады. Банктік бизнесті қаржыландырудың макродеңгейде:

- кеңейтілген өндірісті іске қосу саясатын жүргізу үшін;
- ҒТП жеделдету, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және сапасын жақсарту үшін;
- халықтық өндірісті құрылымдық қайта құру және халық шаруашылығының барлық саласын тең дамыту үшін;
- өнеркәсіптің қажетті шикізат базасын құру үшін;
- азаматтық құрылыс, денсаулық сақтауды, мәдениетті, жоғары және орта мектепті дамыту үшін, сондай-ақ басқа да әлеуметтік проблемаларды шешу үшін;
- жұмыссыздық проблемасын шешу немесе жұмсарту үшін;

- табиғи органы қорғау үшін;
- әскери-өнеркәсіптік кешенді конверсия үшін;
- мемлекеттің қорғанысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін және көптеген басқа да проблемаларды шешу үшін;
- негіз болып табылады.

Ұзақ уақыт экономикалық кризис жағдайында тұрған ҚР экономикасы үшін, ең алдымен оның тұрақтылығы мен өсуі үшін банктік бизнесті қаржыландыру өте қажет болды. Жаңа технологияларға, өндіріске банктік бизнесті қаржыландыру қатаң бәсекелестік күресте өмір сүруге көмектеседі (ішкі және сыртқы нарықта да), өз өнімінің бағасын жеңіл реттеуге мүмкіндік береді [5].

Банктік бизнесті қаржыландыру микродеңгейде де маңызды рөл атқарады. Бұл деңгейде олар ең алдымен келесі мақсаттарға жету үшін қажет:

- өндірісті кеңейту және дамыту;
- негізгі қорлардың шамадан тыс моральды және физикалық тозуын жібермеу;
- өндірістің техникалық деңгейін көтеру;
- нақты кәсіпорын өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және сапасын арттыру;
- табиғатты қорғау іс-шараларын өткізу;
- бағалы қағаздарды сатып алу және басқа кәсіпорындардың активтеріне қаражаттарды салу;

Қорытындылай келе олар кәсіпорынның болашақта дұрыс қызмет етуін қамтамасыз ету үшін, тұрақты қаржылық жағдай және пайданы максимизациялау қажет.

Осылайша, банктік бизнесті қаржыландыру маңызды экономикалық категория болып табылады және макро- және микро деңгейде де маңызды рөл атқарады, ең алдымен қарапайым және кеңейтілген өндіріс үшін, құрылымдық қайта құрулар, пайданы максимизациялау және осы негізде көптеген әлеуметтік проблемаларды шешу үшін маңызды болып табылады.

Республикадағы банктік бизнесті қаржыландыру қызметтің жағдайын келесі көрсеткіштердің динамикасы сипаттайды:

- инвестицияның жалпы көлемі;
- ішкі жалпы өнімде (ЖІӨ) инвестицияның үлесі;
- инвестицияның жалпы көлеміндегі нақты банктік бизнесті қаржыландырудың үлесі;
- нақты банктік бизнесті қаржыландырудың жалпы мөлшері;
- негізгі капиталға бағытталған, нақты банктік бизнесті қаржыландырудың үлесі.

Жанама түрде банктік бизнесті қаржыландыру қызметтің жағдайын, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсу қарқыны қажетті деңгейде дұрыс сипаттайды:

- 1) ұлттық табыс;
- 2) ЖІӨ және ЖҰӨ;
- 3) өнеркәсіптік өндірістің көлемі;
- 4) өнеркәсіптік өнімнің кейбір маңызды түрлерін шығару;
- 5) ауыл шаруашылық өнімінің көлемі;
- 6) халықтық еңбектің өнімділігі;
- 7) және басқалар.

Бұл көрсеткіштердің дұрыстығы банктік бизнесті қаржыландыру қызметтің бағалауында, олардың өсуі инвестиция салуынсыз мүмкін емес дегенмен байланысты. Осы көрсеткіштер белгілі бір мөлшерде инвестицияны пайдаланудың тиімділігін де сипаттайды. Егер осы көрсеткіштердің өсу қарқыны инвестицияның өсу қарқынынан озып кетсе, онда бұл инвестицияны пайдаланудың тиімділігі артқанының айқын нышаны және керісінше.

Банктік бизнесті қаржыландыру деңгейі халықтың ұлттық табысының көлеміне айтарлықтай әсер етеді.

Банктік бизнесті қаржыландыру процессі мынадай маңызды факторларға байланысты, олар: күтіліп отырған табыс нормасы, немесе болжанып отырған капитал салымдарының рентабельділігі. Егер бұл рентабельділік инвестордың ойы бойынша өте төмен болса, онда салым жүзеге асырылмайды.

Еліміздегі инфляция ең маңызды түрінде банктік бизнесті қаржыландыру қызметке әсер етеді,

ол өз кезегінде, экономикалық жағдайға байланысты – экономиканың тұрақты және өсуі кезінде – ол төмендейді. Бұл кезде инфляция процессімен банктік несие мөлшерлемесі тығыз байланысты екенін ескерген жөн.

Алайда біздер экономист, қаржыгерлер ретінде Қазақстанның өндіріс саласын дамытуға бағытталған шет елдік банктік бизнесті қаржыландыруды тарту арқылы, шет елдік инвесторлардан алар пайдамыздан, берер шығынымыз уақыт өте келе еселей түсетінін, біз жақсы түсінуіміз қажет! Сондықтан біздер Қазақстан территориясындағы екінші деңгейлі банктердің банктік бизнесті қаржыландыру жобаларды несиелеуге бағытталған банктік бизнесті қаржыландыру мен отандық инвесторлар санын барынша арттыруымыз керек.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің. <http://www.nationalbank.kz/>. веб-сайты.
2. Суэтин А. Балансы международных расчетов // Вопросы экономики. – 2004. – №27.
3. Stern R.M. The Balance of Payments: Theory and Economic Policy. – London, 1973. – P. 34.
4. Арыстанбеков К. Экономическая политика Казахстана в условиях высокого уровня иностранных инвестиций // Вопросы экономики. – 2004. – №8.
5. Krugman P. A Model of Balance-of-Payments Crisis // Journal of Money, Credit and Banking. – 1979. – Vol. 11.

Резюме

Данная статья является актуальной т.к. в ней рассматривается эффективность использования средств финансирования в банковском бизнесе в Казахстане, которая влияет на финансовую устойчивость банка в развитии инвестиционного климата.

Summary

This article is relevant because it is considered effective use of financial resources in the banking business in Kazakhstan, which affect the Bank's financial stability in the investment climate development.



ӘОЖ 657.471.7:636.32/38

Ж.Қ. Әбжан, магистр, аға оқытушы
Т.Қ. Бекжанова, доцент
ҚазЭҚХСУ

МАЛ ШАРУАШЫЛЫғыНДАғы БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПтің ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада ауылшаруашылығының негізгі саласының бірі мал шаруашылығындағы бухгалтерлік есепті ұйымдастыру жолдары туралы сұрақтар қарастырылған.

Қазіргі мал шаруашылығы экономикалық жағынан дамытуды ғана емес, сонымен қатар осы саладағы шығындар есебі мен олардың аудиті басқару үрдісінде маңыздылығын жоғарылатып, жетілдіруді қажет етіп отырған ауыл шаруашылығындағы күрделі саланың бірі болып саналады.

Негізгі ұғымдар: етті мал шаруашылығында бұзауларды, бухгалтерлік есеп, есеп беру, өнімді мал.

Ел экономикасының қарқынды дамуында ауылшаруашылығының ерекше орны бар екендігін Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсеткен. Жолдауда: «Ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту қажет» – деп атап өткен [1].

Республикамыздың ауылшаруашылығы өндірісінің басқа да салалар сияқты, мал шаруашылығының алдында тұрған негізгі міндет – бұл саладан алынатын өнімдердің көлемі мен сапасын жоғарылату болып табылады.

Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есепті тиімді жүргізу үшін есеп жұмысын ұйымдас-тыруды жоспарлаудың үлкен маңызы зор. Бухгалтерлік есеп ұйымның қаржылық аппаратын белгілі бірлестіктері мен тәсілдері бойынша есептейтін, өлшейтін және оны дәлдеп, тасымалдайтын жүйе. Ол кәсіпорынның жұмысын толығымен бағлап, оны басқару үшін бағыт-бағдар беріп, алдағы уақытта істелінетін жұмысын жоспарлап және сонымен қатар ол ұйымның болашақта атқарыла-тын жұмысына экономикалық талдау жасауға өте қажетті ғылым болып табылады. Сондықтан бухгалтерлік есеп бүтіндей халық шаруашылығы есебінің ең басты негізгісі болып саналады. Бухгалтерлік есеп көптеген жүзжылдықтар бірінде пайда болып, бүгінгі күнге дейін дамып келеді. Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы заңы еліміздегі бухгалтерлік есепті жүргізу жүйесін анықтайды, қаржылық есеп беру мен оның пайдалануын және есепке алудың негізгі принциптері мен жалпы тіртібін, ішкі бақылау және сыртқы аудит жөніндегі талаптарды, сондай-ақ ұйымдардың бағыттары мен міндеттерін белгілейді.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы малдар еңбек тәсілі ретінде де, еңбек құралы ретінде де қолданылуы мүмкін. Еңбек тәсілі ретінде тірісінде өнім беретін малдарды пайдаланса, еңбек құралы ретінде көп жағдайда сойыстан кейін алынған өнімін берген малдарды пайдаланады.

Мал шаруашылығындағы бухгалтерлік есепте малды өсіру мен бордақылау есебінің өз ерекше-ліктері бар, себебі, бордақылау мен өсіру барысында малдардың саны өзгөрмейді, тек қана массасы өседі де, құны қымбаттай түседі. Шындап келгенде, малдардың төлі аяқталмаған өнім болып та-былады. Малдарды өсіру мен бордақылауға кеткен шығын 8110 «Негізгі өнім» шотында, «Мал шаруашылығы» субшотында есептеледі.

Өсіру мен бордақылаудағы малдардың қозғалысына қатысты барлық операцияларды есепке алу үлкен рөл ойнайды. Өсіру мен бордақылаудың өнімі – таза масса өсімі болып табылады. Өсім бастапқы масса мен малдардың құнына келіп қосылады [2].

Төл мен бордақылаудағы малдарды есептеудің ерекшелігі болып өсіру мен бордақылау бары-сында өзгермеген мал басы санының салмағы мен құны бастапқы массаға қосылудан немесе малдардың өсімінен өзгереді. Түскен өсімді анықтау үшін малдарды жүйелі түрде өлшеп отыру қажет. Өлшеудің нәтижесі арнайы тізімдемеде беріледі.

Есеп беру кезеңінде таза массаның өсімі топ бойынша жыл соңындағы таза масса мен осы кезеңде түсіп қалған малдарды массасына теңестіріледі.

Буаз қашар бойынша белгіленген буаздық уақыттағы таза массаның өсімін малдарды құнының өсімі ретінде табады. Осы малдар арқылы таза массаны соңғы өлшеу бойынша белгілейді, ал өсімін тек бұзаулағаннан кейін анықтайды.

Төлді келесідей тізбекте бағалайды:

- сүтті мал шаруашылығында бұзауларды – жоспарлы өзіндік құнымен төлдің 1 басымен;
- етті мал шаруашылығында бұзауларды – бұзаудың тумысындағы таза массасына және алынған өнімінің 1 килограмм таза массасының жоспарлы өзіндік құнымен;
- торайлар – алынған өнімнің 1 ц таза массасының есептік құны мен тумысындағы таза мас-сасына негізделі;
- еліктерді – тумысындағы таза массасы мен 1 ц таза масса есептік құнымен;
- қошақанды – 1 қошақанның шыңдаудағы есептік құны 50%-ға тең шартты бағада;
- бота мен құлынды – 60 жем күндеріне сай үлкен бастың құрамына теңестіретін 1 төл бас-тың есептік құнына;
- тайпалық жылқы бағу шаруашылығындағы боталар, аңдар мен қояндардың төлдерінде – шыңдауға 1 бастың есептік құнының 50% массасына (қалған 50%-ға оларды шыңдау барысында бағалайды);
- балапандар, үйрек, қаздарды – инкубацияның өзіндік құнына сәйкес 1 бастың есептік құны бойынша [3].

Жылдың соңында калькуляциялық есеп арқылы төлдің жоспарлы өзіндік құнын нақты түрге дейін апарайды.

Есеп беру мерзімі кезінде малдың төлін жас санаты тобынан басқасына немесе негізгі табынға ауыстыру барысында оны бағалау есеп беру мерзімінің басындағы құны бойынша, қосымша, 1 кг (ц)

таза массаның өсімін есептеу құнымен өсіруге кеткен шығын арқылы есептейді.

Шартты бағалауды қолдану – есептік құны, төлдің кірістелуі барысында, жас төлді негізгі табынға ауыстыру мынадай шартқа негізделеді: жас төлді бордақылау барысындағы нақты өзіндік құны есеп беру мерзімінің аяқталған кезінде ғана белгілі бола алады. Қозғалыс болса, осы, нақты өзіндік құны белгіленбеген мерзім аралығында жүре береді.

Шаруашылық субъектісінің есеп саясаты, қандай көрсеткіш есептік құн ретінде болатынының анықтауы керек: өткен тоқсандық (ай, жыл) орташа нақты өзіндік құны; есеп беру мерзімінде өзгеріссіз қолданатын тұрақты шартты көрсеткіш жіне т.б.

Есеп беру мерзімі аяқталысымен есептік құн ауытқулардың сомасы мен пайыздарын өлшеу арқылы нақтылы түрге келуі тиіс. Ауытқу сомалары мен пайыздарын санау ай басына және келіп түскен қалдықтар арқылы жүзеге асады.

Ауытқуларды малдарды санайтын шоттарда есептейді және түзету жазады – экономия немесе қарапайым жазба – артық шығын. Ауытқулардың пайызын келесідей түрде есептейді:

$$\text{Ауытқу пайызы} = \frac{\text{ауытқулар сомасы}}{\text{қалдық+есептік құн бойынша түсім}} \times 100.$$

Есеп беру мерзімі кезінде шаруашылықта есептік бағалар бойынша келесідей процестер көрініс тапқан.

Кесте 1. Шоттар корреспонденциялары

Операцияның мазмұны	Есептің корреспонденциясы		Сом, тенге
	Дебет	Кредит	
1. Жас малдың төлі кірістелді	1320, «Төл» субшоты	8110, «Негізгі табынды ұстауға кеткен шығындар»	100 000
2. Өсірудегі жас мал негізгі табынға ауыстырылды	2520, «Негізгі табын» субшоты	2930, «Малдардың төлін өсіру мен жемдеуде болуы»	240 000

Есеп беру кезеңінің және калькуляциялау процестері аяқталысымен, төлдің нақты құны 116 000 теңгені құрайтыны анықталды, ал негізгі табынға ауыстырылған малдардың төлінің нақты құны 231 000 теңгені құраған.

Ауытқулар пайызы мен бухгалтерлік есепте ауытқулар сомасын есептей келе, келесідей бухгалтерлік операцияларды жүзеге асыру керек:

– түзету жасау (қызыл түзетпе әдісі арқылы)

Дт 2520 «Малдар», «Негізгі табын» есебі

Кт 2930 «Аяқталмаған құрылыс», субшот «Өсіру мен бордақылаудағы малдың төлі»

– жеткізіп беру – 16 000 теңге

Дт 1320 «Дайын өнім», «Төл» субшоты

Кт 8110 «Негізгі өнім», субшот «Негізгі табынның шығыны»

Бухгалтерияда жемдеудегі малдың төл саны 2930 «Аяқталмаған құрылыс» шотында, субшот «Өсіру мен жемдеудегі малдар», келесідей есептік топтарда жүргізіледі:

1. Малдың төлі – ірі қара малдың төлі. Аналитикалық есептеу ірі қара малдың келесідей өндірістік және жас ерекшелік топтары бойынша жүргізіледі:

– 2 жастан жоғары қашар;

– екі жасқа дейінгі қашар (туған жылдары бойынша);

– бұқашалар (туған жылдары бойынша).

2. Бордақыдағы малдар – негізгі топтан жарамсыз деп саналып жемдеу мен бордақылауға жіберілген ересек мал.

Малдың төлін негізгі топқа нақты өзіндік құнына негізделе отырып ауыстырады. Оны жыл есебінен дебетке 2520 «Малдар», субшот «Өнімді мал», немесе «Жұмысшы мал» дебет шотына 2930 «Аяқталмаған құрылыс» кредит шотынан құны бойынша есептеліп, жыл басына теңгерім

бойынша саналған жоспарлы өзіндік құнын жыл басынан негізгі табынға ауысуынан бастап өсіру мен жемдеудегі малдар құнымен ауыстырады. Жылдың соңында калькуляциялық есептеулер негізінде оның нақты өзіндік құнын анықтап, 2520 дебет шоты және 2930 кредит шоты бойынша түзету жазбаларын жасайды. Нәтижесінде негізгі табынға ауыстырылған жас төл 2520 шотында нақты өзіндік құнымен бекітіледі. Өсіру мен жемдеуге келесі жылға өтетін малдың төлін нақты өзіндік құны бойынша бағалайды [4].

Материалды жауапты тұлғалардан түскен «Фермадағы мал мен құстың қозғалысы жөніндегі есеп беру» қосымша құжаттармен бухгалтерияда тексерістен өтеді. Есеп берулер сәйкес айға байланыстырылған шоттар бойынша малдың немесе бағдарламаның қозғалыс есебінің тізімдемесін құрастырудағы негіз болып табылады.

Жыл бойына түскен өсім құнына 2930 дебет, «Өсіру мен жемдеудегі малдар» субшотын алса, кредитке 8310 «Қосалқы өндіріс» шоты, «Қосалқы ауыл шаруашылығы» субшот алынады.

Негізгі топтан жарамсыз дептабылған бордақылау мен жемдеуге жіберілген өнім беретін малдарды, бастапқы құны бойынша 2930 дебет шотымен, «Өсіру мен жемдеудегі малдар» субшотымен, кредиті бойынша 2520 «Малдар» шотымен, өнім беретін малдар анықталады.

Негізгі топтан жарамсыз деп танылған жұмыс малы өсіру мен жемдеудегі мал тобына жіберіледі:

- негізгі табыннан жарамсыз деп танылған малдардың бірліктік құнына – 2930 дебеті, субшот «Өсіру мен бордақылаудағы малдар» – Кредит 2520 «Малдар», субшот «Жұмысшы мал»;
- істен шыққан деп танылған жұмыс малы бойынша жұмсалған негізгі сомаға Дебет 2420, субшот «Қосалқы қаражаттардың жұмсалуды» – кредит 2520 «Малдар», субшот «Жұмыс малдар»
- малдардың негізгі тобынан жарамсыз деп танылған теңгерімдік құнына – 2930 дебеті «Өсіру мен бордақылаудағы малдар» субшоты, «Малдар» 2520 кредиті, «Жұмыс малы» субшоты;
- Жабын малына жарамсыз деп танылуы бойынша негізгі қаражаттың ұсталу сомасына 2420 дебеті, «Негізгі қосалқы қаражаттардың жұмсалуды» субшоты, «Малдар» 2520 кредиті, «Жабын мал» субшоты.

Өсіру және жемдеу үшін жас төлді және ересек малды иемдену 2930 дебеті, субшот «Өсіру мен бордақылаудағы малдар» және 3310 «Жабдықтаушылар мен мердігерге қысқа мерзімді кредиттік қарыз» есебімен; жабдықтаушының шот фактурасына енген қосалқы құнының салығының 1420 «Қосалқы құн салығы» және кредиті «Жабдықтаушылар мен мердігерге қысқа мерзімді кредиттік қарыз» 3310 кредиті бойынша.

Жыл бойында малдардың келіп түсуі мен таза массасының өсімі операциялары бір центнер таза массасының жоспарлы өзіндік құны есебінде көрініс табады. Мал шаруашылығы өнімі бойынша есеп беру калькуляциясынан кейін жыл аяғында төлдің өзіндік құнын калькуляциялық айырмашылықты 2930 дебет шотына, 2930 дебеті, субшот «Өсіру мен бордақылаудағы малдар» 8310 шоты кредитінен субшот «Қосалқы ауыл шаруашылығы» ауыстырады.

Кейін таза массаның нақты өзіндік құнын анықтайды, сөйтіп калькуляциялық айырмашылыққа сәйкес шоттарға ауыстыруға қажеттілік тудырады. Оларды 2930 кредиті, 2930 дебеті, «Өсіру мен бордақылаудағы малдар» субшоты бойынша және келесідей шоттардың дебетімен анықтайды:

- 7010 «Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны» – шетке деп жүзеге асатын және өз ұйымында қағылған етке деп өсіру мен жемдеудегі малдар бойынша;
- 2520 «Малдар», «Өнімді мал», «Жұмыс малы» субшотының – негізгі табынға ауыстырылған малдардың төлі бойынша;
- 3410 «Қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелер» – індет және табиғи апат салдарынан өлген және сойылған сақтандырылған малдар бойынша;
- 7470 «Өзге шығындар», субшот «Табиғи апаттардың өтелмейтін шығындары» – табиғи апат залалдарынан қаза тауып, сақтандырылмаған малдар бойынша;
- «Минус» белгісімен берілген калькуляциялық айырмашылықтарды «қызыл түзетім» әдісімен жоғарыдағы есеп бойынша көрсетіледі.

Еті тамаққа пайдаланылған төлді мәжбүрлеп сою өндіріс шығыны ретінде қарастырылады. Оларды жыл басынан сойылғанға дейінгі кезеңде өлген малдың тізімі бойынша анықтайды.

«Малдар мен құстардың түсіп қалу Актіңде» бекітілгендей, малдың сойылу құнын 2930 кредит шоты, «Өсіру мен бордақылаудағы малдар» субшоты бойынша анықтайды.

- 1320 «Дайын өнім» немесе 1350 «Қосалқы қорлар» – түскен өнім мен материалдардың құнына;
- 1280 «Қысқамерзімді өзге дебиторлік қарыз», субшот «Жетіспеушілік, артық шығын, ұрлау» – өлім-жітімге кінәлі немесе мәжбүрлі сойған кінәлілерге;
- 8410 «Үстеме шығындар», субшот «Қосалқы ауыл шаруашылығы» – жас төлдің және ересек малдың өлімінен түскен қаражатқа, табиғи апаттар бойынша жоғалтулар мен кінәлі тұлғаны іздеуге жататын санамағанда.

Өсіру мен бордақылаудағы малдарды өткізуде берілетін шоттар корреспонденциялары келесі кестеде келтірілген.

Кесте 2. Өсіру мен бордақылаудағы малдарды өткізуде келесідей корреспонденциялық есептеулер жүргізіледі

№	Операцияның мазмұны	Есептеулер корреспонденциясы	
		дебет	кредит
1.	Тысқары жүзеге асқан малдардың өзіндік құны	7010	2930, субшот «Өсіру мен бордақылаудағы малдар».
2.	Сатып алушыға төлемге келісіліп көрсетілген құны және НДС бағасы: – келісілген құнға – НДС бағасына	1210 1210	6010 3130
3.	Қосалқы құн салығы бюджетіне төленген	3130	1030
4.	Алынған малдар үшін сатып алушымен шот-фактурасы төленген	1030	1210
5.	Малдарды реализациялау қорытындысын есептен шығарамыз: – кіріс алу мақсатында – шығын сомасына	6010 5610	5610 7010

Жас төлдің сақтандырылуын өсіру мен бордақылауда қамтамасыз ету үшін олардың инвентаризациясын тоқсанда кемінде бір реттен жасап отырады. Инвентаризацияны, сонымен қатар, материалды жауапты тұлғалардың ауысымында да жүргізеді.

Түгендеу комиссия жұмыс малдарының және өнімді малдардың инвентаризациялық тізімдемесін жасайды. Ірі қара малдың төлін жеке түрде, нөмір, лақап атын, тұқымын беру арқылы тізеді. Бордақылаудағы малдар тізімдемеге номенклатураға сәйкес, бас санын және таза массасын беру арқылы енгізіледі. Тізімдемелер малдардың түрлеріне сәйкес ферма, цех, бригада және жауапты тұлғалар арқылы жүзеге асады.

Әдебиеттер

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан 2012. – 3 б.
2. Тайгашинова К.Т. Өнімдердің, қызметтер мен жұмыстардың өзіндік құнын калькуляциялау: Оқу құралы. – Алматы: «Издательство LEM» ЖШС, 2012. – 276 б.
3. Алишарова Г.С. Басқару есебіндегі шығындар мен шығыстардың экономикалық мазмұны және жікте-месі // ҚазЭУ Хабаршысы. – 2008. – №5. – 20-23 б.
4. Нажикбаева К.К. Ауылшаруашылығының бухгалтерлік есебі. – Алматы: «LEM» баспасы, 2013. – 156 б.

Резюме

В статье рассматривается и раскрывается содержание готовой продукции для сельскохозяйственных предприятий, характеризуются задачи учета готовой продукции, выявляются особенности учета.

Для организации точного учета важно оформить первичные документы по учету животных своевременно, чтобы в них нашли отражение все изменения в количестве, массе и стоимости животных.

Summary

The article examines and discloses the content of finished products for agricultural enterprises, describes the tasks of accounting for finished products, identifies the features of accounting. For the organization of accurate accounting, it is important to formalize the primary documents for the registration of animals in a timely manner so that they reflect all changes in the quantity, mass and cost of animals.



ӘОЖ 622.25.3327

Ғ.С. Сартабаева, магистр, аға оқытушы

Г.К. Айбасова, магистр, аға оқытушы

ҚазЭҚХСУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК НАРЫҒЫН БАСҚАРУ

Мақалада қазақстан республикасындағы жылжымайтын мүлік нарығын басқаруы жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: *мүлік, пәтер, жер, үй, басқару, баға.*

Қоғамның жекеленген категориясына жатқызылатын азаматтардың тұрғын үй мәселелерін шешу мемлекеттің қоғам алдында міндеттемесі болып табылады. Мемлекет өз территориясында өмір сүретін тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге, соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға, тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген тәртіптер бойынша жол берілетіндігі жөнінде Қазақстан Республикасының Конституциясында нақты көрсетілген [1; 25-бап].

Мемлекет экономикасының жағдайын сипаттаушы негізгі экономикалық көрсеткіштерді жақсартудың тұрақты тенденцияларына қол жеткізу экономиканың барлық салаларында терең құрылымдық қайта құруларды іске асыруды талап етеді. Тұрғын үймен қамтамасыз етілу – адамның аса маңызды қажеттіліктерінің бірі. Сондықтан азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету – мемлекеттің қоғам алдындағы негізгі міндеттерінің бірі.

Тұрғын үй нарығы және оның даму қарқыны ұлттық экономиканың негізгі жағдайының даму дәрежесін сипаттайды. Отандық тұрғын үй нарығының қалыптасуы халық шаруашылығының басқа салаларын ынталандырушы және нарықтық экономикаға өтудің негізгі факторларының бірі ретінде қарастырылды. Жекешелендіру үрдісінің қауырт жүргізілуінің нәтижесінде қысқа уақыт ішінде мемлекетте нарықтық қатынасқа қатысатын жеке меншік топтар қалыптасып үлгерді. Отандық тұрғын үй нарығы жылдам екпінмен дамып, қазір өркениетті және ұйымдасқан формаға ие болып отыр. Қазіргі уақытта нарыққа қатысушылар тұрғын үй саласына қатысты шетелдік жұмыс тәжірибелерді екпінді қолдану үстінде. Тұрғын үйдің меншік иелері мүлікке қатысты кепілдік операцияларды, сату-сатып алу актілерін, сыйға тарту тәрізді функциялардың орындалуына қатысады.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде тұрғын үй проблемасын шешу үшін айтарлықтай тәжірибе жинақталған. Экономикасы дамыған елдердің тәжірибесіне тоқталсақ. Шетелдердегі тұрғын үй мәселесін шешудің негізгі бағыттарын төмендегідей жіктеуге болады.

Біріншіден, жеке және мемлекеттік меншіктегі жалға алынатын үйлер секторы арқылы баспаға қажеттілікті қанағаттандыру.

Екіншіден, кондоминиумдар құрылысын кеңейту.

Үшіншіден, әлеуметтік тұрғын үйлер – жалға алынған муниципалдық үйлерден пәтер жағдайы төмен тұрғындарға жеке меншікке алу құқығынсыз пәтерлерді беру.

Төртіншіден, жеке тұрғын үй құрылыс нарығын дамыту.

Тұрғын үй секторында көптеген пәтерлерді иеленген ірі ұйым болып табылатын – кооперативтер жұмыс істейді (олар Германия және Скандинавия елдерінде таралған).

Батыс елдерінде муниципальдік және жеке пәтерлер орналасқан үйлерді табу мүмкін емес. Батыс елдеріндегі кондоминиумдар толықтай жеке меншікте, ал біздегі аралас формалар тиімсіз болып отыр, сондықтан үйлерді мемлекеттік басқарудан кету мәселесі тиімсіз болып көрінеді, себебі басқаларда тұрғын үйлердің 50% мемлекеттік меншікке алынған.

Ресейде тұрғын үйлердің 80% тұрғындардың жеке меншігіне алынған, ал 20% жағдайы төмен адамдарға арналған жалдық тұрғын үйлерге тиесілі. Дүние жүзіндегі жеке меншіктегі тұрғын үйлер орта және жоғары кіріс көздері бар адамдарға арналған, тіпті дамыған елдердің өзінде жеке меншіктегі үйлердің үлесі орта есеппен алғанда 50% құрайды, Германияда – 40%, Швецияда – 43%, Голландияда – 45%, басқа елдерде 50% – жалға алынған тұрғын үйлер, оның 40% – жеке меншік иелерінен жалға алу, 10% – әлеуметтік жалға алу (муниципальдік жалға алу).

Шығыс Еуропа елдерінде (Польша, Чехия, Словения және Венгрия) және таяу шетелде (Белоруссия) – мұндағы тұрғын үй қоры бұрын біздегідей мемлекет меншігінде болған, ал қазіргі болып жатқан өзгерістер Ресейдегі жолға ұқсас өтіп жатыр. Сондықтан осы елдерде тұрғын үй мәселелермен, яғни муниципалитет меншігіндегі үйлерді азаматтардың жеке меншігіне беру проблемасы, халық кірісінің жоғары деңгейде болмауы, тұрғын үй-коммуналдық нарығының дамымағандығы сияқты проблемалармен кездесуде.

Мемлекет үшін жалдамалы тұрғын үй жүйесін дамыту – тұрғын мәселесін оңды шешудің бір жолы. Халықаралық тәжірибе көрсеткеніндей, табысты үйлердің құрылысы мен оған қызмет көрсету орта есеппен 10-нан 13%-ға дейін пайда әкеледі. Уақыт аралықтарында «пәтер мәселесі» көптеген дамыған және дамушы мемлекеттер үшін аса өткір тұрды. Әлемдік деңгейде мәлім болғанындай, өз азаматтарын үйлермен жеке меншік құқығында бірде-бір ел қамтамасыз ете алмаған. Сонда да олардың көбі тұрғын үй мәселесін шешуді табыстары төмен адамдарды «Әлеуметтік» тұрғын үй деп аталған үй-жаймен – яғни жалдамалы жүйені дамытудан бастаған.

Біз еуропалық елдерге теңесер болсақ, онда ортақ айналымдағы тұрғын үйлердің шамамен алғанда жартысы жалдамалы болуы тиіс. Дамыған елдердің көпшілігінде тұрғын үй мәселесі күн тәртібінде соншалықты өткір тұрған жоқ. Онда мұндай мәселе тек тұрғындардың жекелеген топтары үшін ғана – жастардың, жұмыссыздардың, толық емес отбасыларының – мұқтаж мәселесі. Дамыған батыс еуропалық елдердің жылжымайтын мүлік қорынан жалға берілетін баспаналардың үлесі барысынша жоғары екені 1-суреттен байқауға болады.


Тұрғын үй қорынан жалға берілетін баспаналардың үлесі дамыған елдердің жылжымайтын мүлік нарықтарында 68%-дан 18%-ға дейінгі аралықта ауытқып отыр. Оның ішінде жылжымайтын мүлік нарығындағы жалдық тетіктің үлесі Швейцарияда – 68%, Германияда – 59%, Швецияда – 52%, Нидерланды және Польшада 45%-ды құраса, ал Ирландияда 18% құрайды [2].

Біздің жақын көршіміз – Ресейде бұл көрсеткіш біздегідей едәуір төмен, тұрғын үйлердің жалпы көлемінің 20%-ынан аспайды. Шетелдерде жалдамалы үйлерде тұру – үйреншікті жағдай. Дегенмен, шетелдік тәжірибе ең тиімді тұрғын үй нарығы үш ажырамас бөліктен тұратынын айғақтайды: жеке иеліктегі тұрғын үй, коммерциялық немесе әлеуметтік негіздегі жалдамалы тұрғын-жай және мемлекеттік, яғни, муниципалдық тұрғын үй. Сарапшылар пікірінше, тұрғын үй нарығының ең тиімді жүйесі – егер жалдамалы тұрғын үй саласы жалпы алғандағы үйлердің 30%-ын құраса, ал мемлекеттік немесе муниципалдық тұрғын үйлер 8-10%-ға жетсе – сонда ғана қалыптаса алады.

Жалдық нарығы дамыған батыс елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, аз табысты қоғамның мүшелерін тұрғын үймен қамтамасыз етудің мұндай жолы ең тиімді екендігіне күмән келтірмейді. Билікпен келісе отырып, үйді иеленушілер толық немесе жартылай муниципалитеттің төлем ақысы арқылы аз табысты отбасылар үшін бірнеше пәтерлерді жалға береді. Ал мұндай келісімдерге көп жағдайда төменгі және орта баға категориясы белгіленетін жалға берілетін үйлердің иелері келісім береді.

Тұрғын үй қорының басым бөлігі жалға берілетін Швейцарияда тұрғындардың 35% жуығында жеке меншік пәтерлер немесе басқа да жылжымайтын мүліктері бар. Бұл Еуропадағы ең төменгі

көрсеткіш. Мемлекетте айлық орташа жалақы – 5 674 шв. фр., ал үш бөлмелі пәтерді жалға алу-дың орташа жалдық төлемі Цюрихте – 2 030 шв. фр., Тичинода – 1 745 шв. фр., басқа да франкотілді өңірлерде – 1 950 шв. фр. [3].



Жекеленген категориялардың жоғары табыс деңгейіне қарамастан (әрбір 25-ші швейцариялық тұрғын миллионер), Швейцария тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға ұмтылатын әлеуметтік бағдарланған ел болып табылады. Мемлекет тұрғын үй саласы да төмен табысты, аз қамтылған тұрғындардың тобын қолдайды, сонымен қатар тұрғын үйлер құрылысы және оған тұрғындарды кіргізуде қоғамның жіктелуіне жол бермеуге бағытталған белсенді саясатты жүргізуде.

Швейцарияда меншік баспана институтына қарағанда, тұрғын үйді жалға берудің тетіктері кеңінен тарағандықтан, тұрғындардың баспана мәселесі еркін нарықтағы тұрғын үйлерді жалға берудің әдістері арқылы шешіледі. Мемлекетте баспанамен қамтамасыз ету облысындағы басты мәселе – бос тұрғын үй қорының жетіспеушілігі. Жалпы тұрғын үй қорының бір пайызы бос, сол себепті бұл жағдай жалдық төлемнің өсуіне негіз болып отыр. Мемлекет баспананы жалға беру-шілер мен құрылысшыларға қаржылық көмек көрсетеді және пәтер жалдаушылардың жекеленген категориялары үшін баспананың жалдық төлемі үшін субсидия («атаулы көмек») береді. Швей-цариядағы тұрғын үй жүйесінің қатысушыларын екі топқа бөлуге болады: бірінші, баспана құ-рылысына, азаматтарға пәтерді жалға беруге, жылжымайтын мүлікті қалыпты жағдайда ұстап тұру және жөндеуге мүдделі инвесторлар (құрылысты салушылар); екінші әр түрлі тетіктердің көмегімен тұрғын үй саласына пәрменді әсер ететін мемлекеттік билік органдары. Сондай-ақ жүйеге ASLOCA (Пәтерді жалға алушылардың құқықтарын қорғау ұйымы) тәрізді қоғамдық ұйымда белсенді қатысады.

Баспананы жалдаудың төлем мөлшерін реттеу, жеке құрылыс салушылардың жаңа баспаналар құрылысын жүргізуін ынталандыру және қоғамдық пайдаланылатын тұрғын үйлердің құрылысына тікелей қатысу жағдайлары мемлекеттің негізгі міндеттері болып табылады. Жылжымайтын мүлік нарығынан баспананы жалға алушы құқығына төмен табысты, қымбат мүлікке ие емес азаматтар және қоғамның жекеленген санаттарындағы азаматтар (аз қамтылған отбасылар, егде жастағылар, тәлімгерлер, көп балалы жанұялар, физикалық мүмкіндіктері шектелген адамдар) ие бола алады. Сонымен қатар Швейцария мемлекеті жеке меншігінде бос баспаналары бар меншік иелерін пәтер-лерін жалға беруге бағыттайтын салық саясатын жүргізеді.

Салық салу көзі ретінде баспана ғана емес, егер меншік иесі пәтерін екінші тарапқа жалға берген жағдайда алатын табысы да саналады. Бұл ереже меншік иесі үшін баспана ғимараты бір ғанамекендейтін орын болып саналғанда да әрекет етеді. Швейцарияда баспананың меншік иеле-ріне қатысты мұндай салық саясаты, тұрғын үй нарығына едәуір әсер етеді және баспаналары бар азаматтарды мүлікті тиімді пайдалануын ынталандырады. Аталмыш нарықты реттеудегі мемле-кеттің қосымша шараларына қолданыстағы тұрғын үйлерді бұзуға заңмен тыйым салу, пәтердің мақсатты пайдалануын өзгерту және т.б. әрекеттерге қатысты қолданатын амалдары жатқы-

зылады. Швейцарияда тұрғын үйді жалға беру және оны қалыптастыру – жеке капиталдың міндеті. Мемлекеттің инвестор және жалға беруші ретіндегі ролі жанама сипатта. Билік қоғамдық мұқтаждық үшін баспаналар құрылысын жүргізуге қолдау жасайды, бұл өз кезегінде басқа инвесторлардың баспаналарына қарағанда, төмен бағалы тұрғын үйлердің қалыптасуына әкеледі. Бұл азаматтардың жекеленген санаттары үшін жалдық төлемі төмен пәтерлерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мемлекет федералды, кантоналды және муниципалдік деңгейлерде қоғамдық мұқтаждықтар үшін баспаналар құрылысын жүргізетін ұйымдардың құрылуы мен жұмыс істеуіне үлестік қатысады, олардың қызметіне пайызсыз несие және төмен пайыздық несие беру, субсидиялау, салықтық жеңілдік жасау, төмен бағамен жер телімдерін беру, құрылыс үшін жер телімдерін дайындау мен жарақтандыруға және кепілдік беру жолымен ынталандыру шараларын іске асырады.

Швейцарияда қоғамдық баспаналардың меншік иелерінің табыстарына бақылау жасайды, жалға берушінің пайдасы негізді, әрі жылдық көрсеткіші 5% аспауы керек, керісінше болған жағдайда пайдаға салынатын табыс ставкасы ұлғайтылады. Қоғамның төмен табысты тұрғындар тобы үшін баспанамен қамтамасыз етудің швейцариялық мемлекеттік қолдау тәжірибесі Қазақстан Республикасындағы азаматтардың жекеленген санаттарының тұрғын үймен қамтамасыз етудегі мәселелерін шешу кезінде назарға алынуы қажет. Қазақстанның тәжірибесі де көңіл бөлерліктей – мұнда 1996 ж. тұрғын үй қорын пайдалану дотациялық негізде құрылған болатын. Пайдалану және басқару үшін жеке пәтер меншік иелерінің кооперативтері (ПИК) құрылып жұмыс істеп жатыр.


Баспанаға сұраныс үнемі әрі тұрақты деңгейдей болып отырады, сондықтан қоғамның тұрғын үйге деген мұқтаждықтарын қанағаттандыру кез келген мемлекеттің басты ұстанымы. Қазақстанда баспанаға қол жеткізудің бірнеше тетіктері қалыптасып, жалғасын тауып келеді. Қол жетімді тұрғын үймен қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын келесідей жүйелеу арқылы айқындасак [4, 5].

Табысты үйлердің құрылысын жүргізу бірқатар мәселелерді шешуге тиіс:

- тұрғын үйге кезекте тұрушылардың санын азайтады;
- аз қамтылған, табысы төмен үй шаруашылығында қалыптасып отырған баспана мәселесін шешеді;
- жастардың, жас отбасылардың баспанаға ие болуына жағдай туғызады.

Екінші жағынан, табысты жалдық үйлер институты құрылыс саласын жандандыруы мүмкін. Сонымен қатар «табысты жалдық үйлер» институтын дамыту тұрғындардың еңбек қозғалысының миграциясына екпін бере отырып, мемлекет өңірлеріндегі өнеркәсіп кластерлерін дамыту мен қолдау тетіктеріне, өңірлерге инвесторларды тартуға әсерін тигізеді.

Қазақстанда жылжымайтын мүлік нарығында тұрғын үйлерді жалға берудің екі түрі қолданысқа еніп отыр. Тұрғын үйді сатудың тетіктері келесідей айқындалған (2-сурет).



2-сурет. Тұрғын үйді өткізудің тетіктері

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы №265 «Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешудің кейбір шаралары туралы» Қаулысының негізінде құрылды. Жылжымайтын мүлік қоры Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау агенттігінің 2009-2010 жж. арналған экономикалық және қаржылық жүйені тұрақтандыру жөніндегі бірлесіп әрекет ету жоспарына сәйкес, құрылыс нысандарындағы тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатып алу, жалгерлік тұрғын үй нарығын дамыту жолымен тұрғындарды тұрғын үй қол жетімділігімен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді [6].


Жылжымайтын мүлік қорының басты стратегиялық мақсаттары:

- мемлекетке жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыруда ықпалдасу;
- жалгерлік жылжымайтын мүлік нарығын дамыту.

Жылжымайтын мүлік қорының қызметі төмендегі мәселелерді шешуге шоғырландырылады:

- жылжымайтын мүлікті ұзақ мерзімді жалға беру механизмінің тартымдылығын арттыру;
- жалгерлік жылжымайтын мүлік нарығын дамыту үшін қаржыландыруды тарту және жылжымайтын мүлік пулын жасау;
- тұрғын үй құрылысына инвестицияларды өсіру;
- елдің тұрғын үй қорын жақсарту, тұрғын үйдің заманауи стандарттарын енгізу.

Қазақстанда тұрғын үйді жалға беру кезінде басымдық берілетін негізгі шарттар жүйесі төмендегі 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Жылжымайтын мүлік нарығында баспананы жалға беру жүйесі

Ұсынылып отырған кестеде жылжымайтын мүлік нарығында баспананы жалға беру жүйесі санаттарға бөле отырып қарастырылған.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті жарғы. – 12 б.
2. Перспективы инвестирования в рынок недвижимости России. <http://arsagera.ru>
3. Крамова Т.В. Строительство жилья и жилищная политика Швейцарии // Недвижимость и инвестиции. Правовое регулирование. – 2009. – №4(41). <http://www.dpr.ru>
4. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы туралы // ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 1 қарашадағы №1146 Қаулысы. <http://www.ads.gov.kz>
5. Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008-2010 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы // ҚР ПҰАЖ-ы. – №28. – 321 құжат; Егемен Қазақстан. – 2007. – №270 (24843).
6. «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ жылдық есебі. kazproperty.kz

Резюме

В статье рассматриваются пути управления недвижимостью в Республике Казахстан.

Summary

The article examines the ways of real estate management in the Republic of Kazakhstan.



УДК 657

*А.Ж. Койбагарова, магистр, ст. преподаватель
КазУЭФМТ*

УПРАВЛЕНИЕ ДОХОДАМИ ПРЕДПРИЯТИЯ

В данной статье автор изучает понятия доходов, их признаки и составляющие элементы, рассматривает их взаимодействие. Автор изучает механизм управления доходами, методы управления доходами. Помимо этого выявляет возникающие проблемы предприятий, связанные с управлением доходами.

Ключевые слова: управление, доходы, финансовые ресурсы, финансовая устойчивость, самофинансирование.

Доходы торгового предприятия – увеличение экономических выгод в результате поступления денежных средств и иного имущества. Оценка финансового состояния фирмы будет не полной без анализа финансовой устойчивости. Финансовая устойчивость фирмы – это такое состояние ее финансовых ресурсов, их распределение и использование, которое обеспечивает развитие фирмы на основе роста прибыли и капитала при сохранении платежеспособности и кредитоспособности в условиях допустимого уровня рисков [1].

Характеристика типов финансовой устойчивости предприятия, источники финансирования запасов и условия отнесения финансовой устойчивости к каждому из классификационных типов представлена в таблице 1.

Как видно из данной таблицы, метод оценки финансовой устойчивости на основе абсолютных показателей позволяет выявить, за счет каких источников предприятие финансирует свои товарно-материальные запасы. Таким образом, данный подход может применен не ко всем предприятиям, а только к тем, которые занимаются производственной деятельностью, связанной с использованием значительного объема сырья, материалов и т.д.

В рыночной экономике получение дохода – цель предпринимательской деятельности, поэтому она выступает в качестве движущей силы развития предпринимательства и вместе с этим служит основным источником финансовых ресурсов у многих участников общественного производства. Все это определяет центральное место и многогранную роль дохода в развитии рыночной экономики.

Прежде всего в получении максимального дохода заинтересованы сами предприятия: гарантия предпринимателям дохода на вложенные капиталы и одновременно с этим является источником финансирования затрат, связанных с развитием производства и социальной сферы.

Заинтересовано в доходах и государство, так как он в значительной части изымается в бюджет для финансирования общегосударственных расходов.

Повышен интерес к доходу предприятий у коммерческих банков, различных финансовых институтов, акционеров и других держателей ценных бумаг. С ростом дохода оживляется финансовый рынок и усиливается его роль в перераспределении капиталов, в повышении эффективности их использования. Все это свидетельствует о большой общественной значимости дохода, которая определяет и его большую роль в развитии рыночной экономики как на микро-, так и на макро уровне.

Однако чтобы доход мог проявить свою роль, его размеры на предприятиях должны соответствовать требованиям рыночной экономики.

Таблица 1. Типы финансовой устойчивости предприятия

Типы финансовой устойчивости	Трехмерная модель	Источники финансирования запасов	Краткая характеристика финансовой устойчивости
Абсолютная финансовая устойчивость	$M = (1,1,1)$ $\Delta \text{COC} \geq 0$ $\Delta \text{CДИ} \geq 0$ $\Delta \text{ОИЗ} \geq 0$	Собственные оборотные средства (чистый оборотный капитал)	Высокий уровень платежеспособности. Предприятие не зависит от внешних кредитов
Нормальная финансовая устойчивость	$M = (0,1,1)$ $\Delta \text{COC} < 0$ $\Delta \text{CДИ} \geq 0$ $\Delta \text{ОИЗ} \geq 0$	Собственные оборотные средства + долгосрочные кредиты и займы	Нормальная платежеспособность. Рациональное использование заемных средств. Высокая доходность текущей деятельности
Неустойчивое финансовое состояние	$M = (0,0,1)$ $\Delta \text{COC} < 0$ $\Delta \text{CДИ} < 0$ $\Delta \text{ОИЗ} \geq 0$	Собственные оборотные средства + долгосрочные кредиты и займы + краткосрочные кредиты и займы	Нарушение норм. платежеспособности. Возникает необход. привлечения доп. источ. финансирования. Возможно восст. платежеспособности
Кризисное (критическое) финансовое состояние	$M = (0,0,0)$ $\Delta \text{COC} < 0$ $\Delta \text{CДИ} < 0$ $\Delta \text{ОИЗ} < 0$		Предприятия полностью неплатежеспособно, находится на грани банкротства

Рынок для предприятия становится жизненной средой. На нем оно находит все необходимые средства своей жизнедеятельности в форме денег, товаров и рабочей силы. Здесь сбывает собственную продукцию и реализует прибыль. Рынок, следовательно, представляет собой важное условие физического и общественного существования предприятия. Эти два условия находятся в постоянном противоречии, что в реальной действительности проявляется в различных формах: в нарушениях хода воспроизводства, недоиспользовании производственных мощностей, перепроизводстве товаров, избытке или нехватке денежных средств и, наконец, в многочисленных банкротствах отдельных предприятий. Разрешается это противоречие посредством постоянного направляющего и дисциплинирующего воздействия рынка на отдельные предприятия, которые, будучи свободными в предпринимательстве, должны уделять внимание динамике платежеспособного спроса, отношениям с конкурентами, тенденциям научно-технического прогресса, международной хозяйственной конъюнктуре, политике правительства и т.д., быстро и действенно реагировать на изменения ситуации [2].

Эффективное управление доходами предприятия обеспечивается реализацией ряда принципов, основными из которых являются [3].

1. Интегрированность с общей системой управления предприятием. В какой сфере деятельности предприятия не принималось управленческое решение, оно прямо или косвенно оказывает влияние на доход. Управление доходами непосредственно связано с производственным менеджментом, инновационным менеджментом, менеджментом персонала, инвестиционным менеджментом, финансовым и некоторыми другими видами функционального менеджмента.

2. Комплексный характер формирования управленческих решений. Все управленческие решения в области формирования и использования прибыли теснейшим образом взаимосвязаны и оказывают прямое или косвенное воздействие на конечные результаты управления прибылью. Поэтому управление доходами должно рассматриваться как комплексная система действий, обеспечивающая разработку взаимосвязанных управленческих решений, каждое из которых вносит свой вклад в результативность формирования и использования дохода по предприятию в целом.

3. Высокий динамизм управления. Даже наиболее эффективные управленческие решения в области формирования и использования дохода, разработанные и реализованные на предприятии в предшествующем периоде, не всегда могут быть повторно использованы на последующих этапах его деятельности. Поэтому системе управления доходами должен быть присущ высокий динамизм, учитывающий изменение факторов внешней среды, ресурсного потенциала, форм организации и управления производством, финансового состояния и других параметров функционирования предприятия.

4. Вариативность подходов к разработке отдельных управленческих решений. Реализация этого требования предполагает, что подготовка каждого управленческого решения в сфере формирования, распределения и использования дохода должна учитывать альтернативные возможности действий.

5. Ориентированность на стратегические цели развития предприятия. Какими бы доходными не казались те или иные проекты управленческих решений в текущем периоде, они должны быть отклонены, если они вступают в противоречия с миссией (главной целью деятельности) предприятия, стратегическую базу формирования высоких размеров дохода в предстоящем периоде.

Основной целью управления доходами является обеспечение максимизации благосостояния собственников предприятия в текущем и перспективном периоде. Эта главная цель призвана обеспечить одновременно гармонизацию интересов собственников с интересами государства и персонала предприятия.

Исходя из этой главной цели, система управления доходами призвана решать следующие основные задачи:

Обеспечить максимизации размера формируемого дохода, соответствующего ресурсному потенциалу предприятия и рыночной конъюнктуре. Эта задача реализуется путем оптимизации состава ресурсов предприятия и обеспечения их эффективного использования.

Обеспечение оптимальной пропорциональности между уровнем формируемого дохода и допустимым уровнем риска. Как уже отмечалось, между этими двумя показателями существует прямо пропорциональная связь. С учетом отношения менеджеров к хозяйственным рискам формируется допустимый их уровень, определяющий агрессивную, умеренную (компромиссную) или консервативную политику осуществления тех или иных видов деятельности или проведения отдельных хозяйственных операций. Исходя из заданного уровня риска в процессе управления должен быть максимизирован соответствующий ему уровень дохода.

Обеспечение высокого качества формируемого дохода в процесс формирования дохода предприятия должны быть в первую очередь реализованы резервы его роста за счет операционной деятельности и реального инвестирования, обеспечивающих основу перспективного развития предприятия. В рамках операционной деятельности основное внимание должно быть уделено обеспечению роста дохода за счет расширения объема выпуска продукции и освоения новых перспективных его видов.

Обеспечение выплаты необходимого уровня дохода на инвестированный капитал собственниками предприятия. Этот уровень при успешной деятельности предприятия должен быть не ниже средней нормы доходности на рынке капитала, при необходимости возмещать повышенный предпринимательский риск, связанный со спецификой деятельности предприятия, а также инфляционные потери.

Обеспечение формирования достаточного объема финансовых ресурсов за счет дохода в соответствии с задачами развития предприятия в предстоящем периоде. При этом в самофинансировании развития предприятия дохода должна отводиться главенствующая роль.

Обеспечение постоянного возрастания рыночной стоимости предприятия. Эта задача призвана обеспечивать максимизацию благосостояния собственников в перспективном периоде. Каждое

предприятие исходя из условий и задач хозяйственной деятельности само определяет систему критериев оптимизации распределения доходов, на капитализируемую и потребляемую его части.

Обеспечение эффективности программ участия персонала в доходах. Программы участия персонала в доходах, призванные гармонизировать интересы собственников предприятия и его наемных работников, должны с одной стороны эффективно стимулировать трудовой вклад этих работников в формирование дохода, а с другой – обеспечивать достаточно приемлемый уровень их социальной защиты, которую государство в современных условиях полностью обеспечить не в состоянии.

Все рассмотренные задачи управления доходами теснейшим образом взаимосвязаны, хотя отдельные из них и носят разнонаправленный характер (например, максимизация уровня дохода при минимизации уровня риска; обеспечение достаточного размера дохода, направляемой на прирост активов и на потребление и т.п.). Поэтому в процессе управления доходами отдельные задачи должны быть оптимизированы между собой. Главное предназначение дохода в современных условиях хозяйствования – отражение эффективности производственно-бытовой деятельности предприятия. Это обусловлено тем, что в величине дохода должно находить отражение соответствие индивидуальных затрат предприятия, связанных с производством и реализацией своей продукции и выступающих в форме себестоимости, общественно необходимых затрат, косвенным выражением которых должна явиться цена изделия. Увеличение дохода в условиях стабильности оптовых цен свидетельствует о снижении индивидуальных затрат предприятия на производство и реализацию продукции [4].

Работа предприятия в условиях рыночной экономики связано с повышением стимулирующей роли дохода. Использование дохода в качестве основного оценочного показателя способствует росту объема производства и реализации продукции, повышению его качества, улучшению использования имеющихся производственных ресурсов. Усиление роли дохода обусловлено также действующей системой ее распределения, в соответствии с которой повышается заинтересованность предприятий в увеличении не только общей суммы дохода, но и особенно той его части, которая остается в распоряжении предприятия и используется в качестве главного источника средств, направляемых на производственное и социальное развитие, а также на материальное поощрение работников в соответствии с качеством затраченного труда.

Таким образом, доход играет решающую роль в стимулировании дальнейшего повышения эффективности производства, усиления материальной заинтересованности работников в достижении высоких результатов деятельности своего предприятия. Дальнейшее усиление распределительной и стимулирующей роли дохода связано с совершенствованием механизма его распределения [5].

Литература

1. Берстембаева Р.К. Теория и практика финансового оздоровления предприятия. – Астана, 2013. – 76 с.
2. Под редакцией Кузнецова В.И. Прибыль. – М.: АО Издательская группа «Прогресс», «Универс», 1993.
3. Под редакцией Семенова В.М. Экономика предприятия. Учебник: 2-издание. – М.: Центр экономики и маркетинга, 1999. – 312 с.
4. Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятия: 4-е издание. – Минск: ООО «Новое знание», 2000. – 688 с.
5. Каленова Р. Повышать финансовую устойчивость предприятия. – Аль-пари, 2001. – №3. – 118 с.

Түйін

Бұл мақалада автор табыс, оның сипаттамалары мен құрамдас элементтерін зерттейді және олардың өзара әрекеттесуін қарастырады. Автор кірістерді басқару тетігін, кірістерді басқару әдістерін зерттейді. Бұдан басқа, ол кірістерді басқарумен байланысты кәсіпорындардың пайда болған проблемаларын анықтайды.

Summary

In this article, the author studies the concepts of income, their characteristics and constituent elements, and considers their interaction. The author studies the mechanism of income management, methods of revenue management. In addition, it identifies emerging problems of enterprises related to revenue management.



«ЖАҢА ЭКОНОМИКАНЫ» ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЙТА ҚҰРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Жаңа экономиканы» жасау ең алдымен «конструктивті элемент» экономикасында құрылған әлеуметтік-экономикалық жүйені ұйымдастырудың жаңа тәсілін жасайды, жаңа экономикалық саясаттың даму қажеттілігін өзектейді.

Негізгі ұғымдар: конструктивті элемент, жаңа экономика, неοэкономика, зияткерлік қоғам, догмалар мен фобиялар, индустрия.

Әлеуметтік-экономикалық қатынастар деп өндіріс факторларын игеру және өндіріс нәтижелерін пайдалану бойынша қатынастарды айтады.

Сонымен қатар олар меншік қатынастарының екі аспектілерінің бір бөлігі болып табылады. Олардың басқа аспектісі – бұл меншіктің еркін қатынасы немесе басқаша айтқанда, алғашқы әлеуметтегі моральдық байланыс моделі, ал таптық әлеуметте – құқықтық байланысты көрсететін мүлктік қатынастар.

XX ғ. соңында әлеуметтік қатынастардың қайта құрылу ерекшеліктерін қарастыруда мынадай қорытынды жасауға болады, экономикалық процесстердің әртүрлілігі мен күрделілігі адам өміріндегі барлық салаларының тездетілген компьютерлендіру мен автоматтандыру салдарынан болуы және келесі кезең ретінде өндірістің зияткерлілігі, сонымен қатар қызмет саласының ұлттық өнімді қалыптастырудың және халықтың жұмысбастылығының басты секторына айналуы. Бұлардың барлығы «ақпараттық қоғам», «инновациялық экономика», «білімге негізделген экономика» атты концепциялардан көрініс тапты.

«Жаңа экономика» тұжырымдамасының қалыптасуы әдісі ретінде эволюциялық экономикалық теорияға негізделген қағидаларды қолдану арқасында әлемдік экономикадағы әлеуметтік-экономикалық салт артықшылығында әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзгеру ерекшеліктерін айқындауға мүмкін болды.

«Жаңа экономика» эволюциясы алтыншы технологиялық құрылыстың пайда болуына алып келеді, сонымен қатар ары-қарай өндірістік зияткерлік пен үздіксіз оқуға қажеттіліктің дамуы болады, нәтижесінде «тұтынушы қоғамнан» «зияткерлік қоғамға» ауысу болады, мұнда түйінді құндылық өмірдің жоғары сапасы, тұрмыс ортасының сапасы және өзіндік дамуға қажеттілік болады.

Зияткерлік меншіктің пайда болуымен инвестициялық-қаржылық капитал басты ролінен айырылады, ал экономикалық өсудің басты критерийі зияткерлік капитал болады, ол инновация өндірісі мен іс жүзіне асуына қажет. Зияткерлік капиталдың оның тасымалдаушысымен бөлінбеуі нарықта жұмысшының ролін айқындайды: енді ол жоғары қоғамдық қажеттілікке ие зияткерлік өнім сатушысы болады. Нәтижесінде меңгерудің басты объектісі зияткерлік-мәдени әлеуеттің ұлғаймалы өндірісіне қажетті табыс болады.

«Жаңа экономика» немесе неοэкономика ол экономикалық инфрақұрылым, ол сезілмейтін активтердің көбеюімен, сезілетін активтер ролінің төмендеуімен сипатталады, демек көшбасшылық пен бәсекеге қабілеттілікті жеңілдететін білім экономикасы, жаңа ақпараттық технологиялар, бизнес-процесстер. Қазақстандық экономикаға дамудың жаңа моделі қажет. Бүгін мұны үкімет те, ғылыми-эксперттік қауымдастық та, экономисттер де, кәсіпкерлер де айқын түсінеді. Әлеуметтік салада экономиканың тұрақты дамуы мен тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша жаңа идеялар мен жаңа тәсілдерді белсенді талқылау жүруде.

Дәл қазір экономиканы дағдарыстан құтқару қажет. Бірақ маңыздысы нөмірі екінші мақсат, ол аса күрделі, кешенді және көлемді. Ол келешек перспективаға. Бүгін экономикада жіне қаржы нарығында өртті жылдам сөндіріп, адами капиталға, азаматтардың кәсібилігіне, жеке белсенділікке, заманауи өндіріске негізделген Қазақстанның шикізаттық емес болашағына негізін қалау қажет.

Жаңа экономиканы жасау үшін жаңа идеялар, жаңа тәсілдер және жаңа шаралар қажет.

Экономикалық парадигманың ауысуы туралы, қазақстандық экономика құрылымының өзгеруі, дамудың жаңа логикасының қалыптасуы туралы әңгіме болуда. Бұрынғы догмалар мен фобиялардан бас тартып, отандық капитал мен нақты сектор мүдделері прагматикалық саясатына қарай бет бұруда. Қазақстан Республикасын дамыту мақсаттарына қол жеткізудегі, экономиканы әртараптандыру деңгейін арттырудағы, өнімділікті, экспортты өсірудегі және жұмыс орындарын ашудағы инвестициялардың маңыздылығы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бірқатар құжаттарында (Қазақстан 2050, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, Инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жж. арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы, Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Жаңғырту 3.0.») атап өтілген.

Тиімділікті арттыруға бағытталған инвестицияларды көбірек тарту Қазақстан Республикасы үшін өзекті міндет болып табылады. Инвестициялардың осы түрі Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалының бәсекелестік артықшылықтарын пайдалану арқылы халықаралық нарықтар мен қосылған құнның жаһандық тізбектерінде қаржыландырылатын өндірістің бәсекелестік қабілетін арттырады, алушы ел үшін экономикалық әртараптандыруға қол жеткізу үшін салаларды жаңғыртуға және өндірістік мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал ететін капитал, ноу-хау және технологиялар жиынтығын ұсынады.

Қазақстан экономикасы дамуының жаңа моделі, екі басты базистік сапаны біріктіруі керек, еркін нарыққа, еркін жеке белсенділікке, дамыған бәсекелестікке негізделген болуы керек. Бірақ мемлекет заманауи өндірісті өсіру бойынша және «Индустрия 2.0» бағдарламасын іске асырып, индикативті жоспарлауға негізделген өзекті өнеркәсіптік саясатты іске асыруы керек. Индустрияландыру бағдарламасы еліміздің 2020 ж. дейінгі дамуында маңызды орын алады. Бағдарламаның басты ерекшелігі – ол ел экономикасын кешенді әрі жүйелі түрде дамыту мәселесін қарастырады. Мемлекетіміздің өнеркәсіптік әлеуетін толық пайдалану – еліміздің барлық ресурстары мен күш-қуатының қарқынды инновациялық даму жолына түсуіне ықпал етеді. Қазақстандық технологияларды дамыту үшін Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру институтын құру ұсынылып отыр.

Өнеркәсіп салаларын цифрландыруға тоқталған министр, «Қазіргі уақытта еліміздегі көптеген кәсіпорындардың Индустрия 4.0-ге толық көшуге технологиялық және ұйымдастырушылық базасы жеткілікті болмай отыр. Бұл ретте, 84 пайыз өңдеу және 56 пайыздан астам тау-кен өнеркәсіп кәсіпорындары Индустрия 2.0 деңгейінде жұмыс істейді. Біздің талдауымыздың барысында Индустрия 4.0 элементтерін енгізуге кедергі болып отырған тежеуіш факторлар анықталды. Бұған бизнесті цифрландыру арқылы түсетін экономикалық пайданы толық түсінбеу, отандық зерттеулердің және автоматтандыру мен цифрландырудың әлсіз дамуы, білікті кадрлардың және қаржы мен инфрақұрылымның жетіспеуі себеп болып отыр.

Бизнес пен нарықтық бәсекелестіктің дамуы бойынша жүйелі міндеттердің үйлесімі тауарлармен, қызметтермен, жұмыс орындарымен өзіндік қамтамасыз етудің негізін, базасын жасауға септігін тигізеді. Ал дамыған бәсекелестік арқылы экономиканың тұрақты жаңаруы мен сапалы өндірісін қамтамасыз етіп, артықшылықты салаларға технологиялық инвестицияларды тарту бойынша мемлекеттің жоспарлы жұмысымен үйлесімді болуы керек. Жаңа экономиканың құрылысы жаңа ақиқатты, ең алдымен теңге курсының түсуінен және жоғары инфляциядан ішкі сұраныстың төмендеуін ескеруі керек.

«Жаңа экономика» экономика дамуының бір кезеңі ретінде жұмысшыларға жоғары кәсіби-білікті талаптарды қажет етеді, олардың мүдделерінің мазмұны мен құрамын өзгерте отырып, әлеуметтік, зияткерлік-мәдени құндылықтарды ынталандыруды өсіру бағытында жұмыс жасауы тиіс. Жұмысшының келесі қасиеттерінде өзгерістер болуда: әлеуметтік жауаптылық, шыдамдылық, әлеуметтік қалыптасушылық. Қоғамның әлеуметтік құрылымында өзгерістер болып жатыр, жаңа тап туындауда – жұмысшы зияткерлер табы. Зияткерлік қызмет түрлері басым болғандықтан меншік формасының құрылымы өзгеруде, оның жаңа объектілері пайда болып жатыр, сонымен қатар оны іске асыру тәсілі бойынша қатынастар өзгеруде. Зияткерлік өнімді иелену ерекшелігі

оған толық бас тарту күресінің әлсіреуінен, өндіріс процесінде адамның еркін дамуына жағдайларды жасауда көрініс табуда. Бастысы ақпаратты иелену емес, оны рационалды қолдана білу.

«Жаңа экономиканы» жасау экономикалық жүйе ұйымдастырылу сипатының өзгеруіне алып келеді, дәлірек айтқанда бәсекелестік объектілері мен түрлерінің, экономикалық қатынастар субъектілерінің өзара қатынасы формасының өзгеруі. Бәсекелестік күресте өндірістік ресурстар, заттық тауарлар, ұлттық нарықтағы деңгей сияқты объектілер өздерінің артықшылықтарын жоғалтуда. Бәсекелестіктің инновациялық формасы тек өнімнің бағалық немесе сапалық сипатында ғана көрсетілмейді, сонымен бірге өндірістік процесстің тиімділігін жоғарылатуда, ғылыми прогрессті кеңінен ендіруде көрініс табады. Жаңа экономика» жағдайында өндірістің дәстүрлі факторларының ролі трансформацияланып, капиталдың жаңа формасының туылуы, компания активтерінің артықшылықты түрлерін өзгертуге алып келді. Енді олар материалдық емес активтер, патенттер, лицензиялар, өндірістік ақпарат. «Жаңа экономикада» компанияның нарықтық құны ағымдағы табыстарға емес, келешек табыстардың ұлғаюына бағытталған, ол өз кезегінде компания капитализациясы механизмін өзгертеді – қаржылық-инвестициялық даму моделінен (компания құны қор нарығында күтілетін келешек пайдамен өлшенеді) зияткерлік-инновациялық модельге (материалдық емес активтердің тиімділігімен анықталады) ауысуға алып келеді. Осы жерде мынадай қорытынды жасауға болады, «Жаңа экономикада» бизнес құны ең алдымен тауарлардың жоғары ғылыми ауқымына, олардың сапасына және қайталанбас деңгейіне байланысты болады.

«Жаңа экономика» трансформациясы жағдайында негізгі өндірістік ресурс заттық емес капитал болады. Меншіктің басымды формасында өзгерістер болып жатыр: ірі корпоративтік және жеке меншіктен корпоративтік-бәсекелестік және жеке-мемлекеттік меншікке ауысу жүруде. Заттық және қаржылық капитал иелері артқа шегеріліп жатыр. Олардың орынын жаңа конструктивті идеялар мен игіліктерді тасымалдаушылар басып жатыр. Еңбек формасының басыңқы бөлігі жалдамалы жұмысшының орнына тауар өндірушілердің мобильді ассоциацияларының тең құқылы қатысушылары келіп жатыр. Экономикалық кеңістікті ұйымдастыру әлеуметтік-реттеушілік нарықта да жүріп жатыр. Экономиканың даму сипаты тұрақты жоспарлы-нарықтыға айналуға. Сатушы мен тұтынушының өзара әрекеті сипаты келісілген-динамикалық сұраныс пен ұсыныс шеңберінде жүріп жатыр.

Динамизм өсімі «жаңа экономика» субъектілерінің әлеуметтік-рөлдік көп аспектілігі формальдық емес институттар мен қатынастардың кейінгі дамуы үшін объективті жағдайды анықтауда, себебі экономикалық қатынастар субъектілері әрдайым функционалды-кәсіби топтан екінші топқа жылжып жатыр. Мұнда формальды емес тәртіптегі бірімәнді емес трактовкалар облысында мәселелер туындаған жағдайда, әр түрлі әлеуметтік топтар саласында қарама-қайшылықтар туындап жатыр.

Экономиканың формальды емес секторы эволюциясы белгілі регламент пен шаруашылық субъектілер арасында өзара қатынастың болмауынан «стихиялы өзін-өзі ұйымдастыру» күшеюіне алып келеді, бірақта, мұнда субъектаралық өзара қатынасты ұйымдастыру процесінің күшеюі байқалады. Өзара қатынастың жаңа формалары мен әдістері туындап жатыр, дәлірек айтқанда бәсекелестік фирмалар облысында ғана емес, сонымен қатар сатушы мен сатып алушының өзара әрекеті кезінде көрініс табатын экономика субъектілерінің өзара әрекеттегі бәсекелестік сипаты болады. Осылай, көпсериялы өндірістен жеке сатып алушыға бағытталған өндіріске ауысу, келісілген-нарықтық баға белгілеу механизмінің туындауын айтамыз. Нәтижесінде тауар өндірушінің сатып алушы талаптарына бейімделуі орнына, сатушылардың сатып алушыға күресі, тауарларды жаңа нарыққа жеткізу – сатушылардың сатып алушыға белсенді ықпалы, олардың арасындағы стратегиялық одағы, бәсекелестік жаңа тауарлардың сапасына үлкен назар аударуда. Бәсекелестік күрестің объектілері мен түрлерінің өзгеруі, кәсіпорындардың жаңа формаларының пайда болуы және олардың өзара әрекеті стратегиясы, сонымен қатар меншіктің жаңа элементтері мен оны бекіту типтері экономикалық кеңістік құрылымының өзгеруіне алып келді.

Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың спецификасы жеке тұлғалардың мүдделері арқылы ашылғандықтан, қатынастың әр тобына басқарудың субъектісі мен объектісі функциялары тән. Әр субъект автономды түрде, бірақ басқалармен келісе отырып, өзінің мақсатын анықтайды,

оларға жету үшін нақты бір жағдайларды жасайды, жалпы мақсат шеңберінде қатысты құлық еркіндігін иемденеді. Шешім қабылдау субъектінің жасаған альтернативаларын таңдау арқылы жасалады. Өндірісті ұйымдастыру олардың элементтерінің үйлесімді өзара әрекеті қағидаты негізінде жүйеге ерекше құрам береді, әлеуметтік ресурстарды басқарудың нәтижелілігін өсіруге және жалпы жүйенің тұрақтылығына әрекет жасайды.

Әлбетте, «жаңа экономиканы» жасау ең алдымен «конструктивті элемент» экономикасында құрылған әлеуметтік-экономикалық жүйені ұйымдастырудың жаңа тәсілін жасайды, жаңа экономикалық саясаттың даму қажеттілігін өзектейді. Атап айтқанда, дамыған елдердің мемлекеттік экономикалық саясатының ерекшелігі ол әлеуметтік және экономикалық процесстердің жақын байланысуы болады, бұл өз кезегінде шаруашылық жүйелердің дамуында қара байланысын объективті сипаттайды. Мұнда саясаттың экономикалық және әлеуметтік параметрлері арасында қатынастың аса тиімдісі зерттеушілермен тиісті макроэкономикалық жүйе шеңберінде жасалатын қоғамдық өндіріс процесін зерттеу негізінде көрсетілген.

«Жаңа экономиканы» құру жағдайында экономикалық қалыптасудың инновациялық түрі ғылыми-техникалық жаңалықтар базасында ұлғаймалы қоғамдық өндіріс процесінде өндіріс фазасын қайта жандандыруды көздейді. Нәтижесінде дамудың басты көзі ғылым және инновация базасында өндірістің дамуы, ол өз кезегінде талассыз әлеуметтік бағыттылықты иемденеді, себебі тұлғаның жан-жақты қалыптасуы, біліктілігінің жоғарылауы және ғылыми-техникалық жаңалықтарды жасаушы мен іске асырушы субъектілердің шығармашылық мүмкіншіліктері итермелейді.

Әлеуметтік дамудың сұрақтары экономиканың қалыптасуы жағдайында экономикалық дамудың тек нәтижесі ғана емес, сонымен қатар факторы болып табылады.

Қорытынды

Жүргізілген талдау келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді. «Жаңа экономика» – сапалы жаңа әлеуметтік-экономикалық құрылымның туындауымен жүрегін және артықшылықты формаға айналатын зияткерлік капиталдың қайта құрылуымен іске асырылатын экономикалық эволюцияның ерекше деңгейі.

Әдебиеттер

1. Трошина Е.В., Осипов А.Э. Особенности преобразования социально-экономических отношений в условиях формирования «Новой экономики».
2. Фундаменталды зерттеулер. – 2015. – № 2-16. – С. 3589-3592.
URL: <http://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=37826> (ұсыным беру мерзімі: 17.09.2017).
3. Сахариев С.С., Сахариева А.С. «Жаңа кезең – экономикалық теориясы»: Оқулық. – Алматы: «Данекер», 2004.
4. «Қазақстан - 2030» стратегиясы.

Резюме

В статье представлены особенности трансформации социально-экономических отношений в контексте создания новой экономики.

Summary

In the article features of transformation of social and economic relations in a context of creation of new economy are presented.



**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДА
ТӘУЕКЕЛ ЖӘНЕ ИНФЛЯЦИЯ ФАКТОРЛАРЫН ЕСПЕКЕ АЛУ**

